

ЖШС «Аққайың» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
«Аққайың» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
А. Ж. Абзалова



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламының мазмұнын
іске асыруда «Шебер қолдар» тақырыбы бойынша
«Айгөлек» ересектер тобының вариативтік компонент жоспары

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Негізгі ережелер 28.11. 2008 жылғы №628 бұйрығымен жүзеге асырылуда. «Зерек бала» бағдарламасы Қазақстан Республикасының жаңа МЖМБС –на сүйене отырып, мектепке дейінгі 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды жан-жақты, толыққанды дамуына, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауына, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты мақсаттарын шешуге бағытталған. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-на сай 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім берудің 5 саласы бойынша («Денсаулық», «Қатынас», Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта») жүзеге асып, МЖМБС талаптарына сай болуына көңіл бөлініп отыр. 2012 жылдың 20-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірлігінің №557 бұйрығы бойынша вариативтік оқу бағдарламасын бекіту туралы бұйрығы негізінде ересек топта 3 сағат енгізілді. 3сағат «Таным» білім беру саласынан (Логика) 1 сағат «Қатынас» білім беру саласынан (Ертегілер елінде) 1сағат, «Шығармашылық» беру саласынан «Шебер қолдар» 0,5 сағат, «Денсаулық» білім беру саласынан (Өзіңді тани біл) 0,5 сағат болып бөлінді. Жыл сайын бала дамуында, өз құралпастарының қатарынан қалып бара жатқан бала саны көбейіп келеді. Адамның қолы- ол бір құрал іспеттес, қол, баланың дамуына әсерін тигізеді.

Тәжірибеге сүйенсек, бала мектеп табалдырығын аттағанда (6-7) жас 70-80 пайызы саусақ маторикаларының жеткілікті дамымағанын көреміз.

Саусақтарының әлсіздігі, нашар дамығаны, жазуларының нашарлығына, ұзақ уақыт жаза алмауларына әкеліп соғады.

Саусақ маторикаларының нашар дамуы көбінесе ауырушаң, кіші кезінен балабақшаға бармаған балаларда көп кездеседі. Сондықтан да біз «Шығармашылық» білім беру саласынан «Шебер қолдар» (Тұзды қамырдан мүсіндеу) –ді кіргізуге ұйғардық.

Мүсіндеудің мақсаты:

Мүсіндеудің бала тәрбиесінде алатын маңызы өте зор.

Мүсіндеу арқылы баланың саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Міндеттері:

1. Мүсіндеуде техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру.
2. Шығармашылық іс-әрекет процесіне, көркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Мазмұны:

Сазбалшықтың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру: сазбалшық жұмсақ, бөліп алуға, илеп мүсіндер жасауға болады.

Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен үзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету,

Кесекті алақан арасында және жазықтықта түзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Бөліктері бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қатынастарын сақтау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету.

Мүсіндеуді сазбалшықпен, ермексазбен, тұзды қамырмен пайдалануға болады.

Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі.

Тұзды қамырдың артықшылығы:

1. Көп шығын шығармай, өзіңізге керек уақытта дайындап алуға болады.
2. Тез жуылады, дақ қалдырмайды.
3. Ауызға түскенде қауіпсіз.
4. Мүсіндегенде қолға жабыспайды.
5. Кептіруге болады.
6. Боялған қамырмен жұмыс істеуге болады, дайын мүсінге сурет салуға қолайлы
7. Тұзды қамырдан жасалған ойыншықтармен қорықпай ойнауға болады
8. Лакпен қатырса, ұзақ мерзімге сақталады.

Тұзды қамырдан мүсіндеу жасау балабақша тәрбиеленушілеріне өте қолайлы.

Вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Тарау: «Шебер қолдар» (Тұзды қамырдан мүсіндеу)

Р\с	Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Апта күні
1	Қыркүйек	1. «Күз сыйлығы» 2. «Добым, добым дөңгелек»	1 1	
2	Қазан	1. «Жүзік» 2. «Алтын балық»	1 1	
3	Қараша	1. «Үйрек» 2. «Үйрек»	1 1	
4	Желтоқсан	1. Үй жануары «Қозы» 2. «Шыршаға арналған ойыншықтар»	1 1	
5	Қаңтар	1. «Мен, менің достарым жануарларым» 2. «Аққала»	1 1	
6	Ақпан	1. «Ұшақ» 2. «Машина»	1 1	
7	Наурыз	1. «Анама арналған гүл» 2. «Қуыршаққа арналған моншақтар»	1 1	
8	Сәуір	1. «Түймедақ» 2. «Адам бейнесі»	1 1	
9	Мамыр	1. «Гүлді алма ағашы» 2. «Үлкен және кіші саңырауқұлақтар»	1 1	
	Барлығы		18	

Тұзды қамырды дайындау әдісі



Ең алдымен құрғақ заттарды араластырып аламыз.

Тұз өте ұсақ болуы керек (экстра) 2 стақан ұнға 1 стақан тұз қосамыз



Араласқан тұз бен ұнға жарты стақан су қосып араластырамыз, оған 1 қасық желім қосқан дұрыс.







Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Күні : 07.09.2021

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Күз сыйлығы»**Мақсаты:**

Білімділік:Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.

Дамытушылық: Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту. Тұзды қамырмен мүсіндеу әдістерін пысықтау қол қимылын дамыту.

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тұзды қамырды еркін қолдану арқылы көкөніс-жемістердің мүсінін жасауды үйрету.

Көрнекілігі: Күзгі бақ көрінісі. Күз және жеміс-көкөніс суреттерімен муляждар.

Сөздік жұмыс: қамқорлық, төрт түлік мал.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

Қостілділік компоненті: алма-яблоко, қияр-огурец.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	- Балалар, бізде бүгін ерекше күн. - Біз оқыту іс-әрекетімізді шаттық шеңберінен бастайық.	Күннің көзі ашылды, Көкке шуақ шашылды. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Ал қанекей бәріміз! Сәлем дейік үлкенге Сәлеметсіздер ме Апайлар!!!
Іздену ұйымдастырушы	Ия балалар, әрбір арайлап атқан таңымызға, келген жаңа күнімізге қуанайық. -деп оқу іс-әрекетімізді бастайық. Бүгін аптаның нешінші күні? Жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінде неше ай бар? Айларын атандар. Күз мезгілі екенін қалай білеміз? -Дұрыс айттыңдар. -Балалар, біз күз мезгілі туралы тақпақ білеміз бе? Қанекей кім айтады? -Ғажайып сәт: Көңілді әуенмен, күз кіреді. Сары жібек көйлегімді желбіретіп,	Бізбен бірге бар әлем Қуанады балаша. Қуанышқа бөленген Өмір қандай тамаша! Балалар сұрақтарға толық және нақты жауап береді. Ағаштардан сары, қызыл, қоңыр жапырақтар ұшып жерге түседі. Ауа-райы суық болады. Құстар жылы жакқа ұшып кетеді. Жылы киінеміз Жантөре: Ел егінді жинайды, Қырманға дән сыймайды. Біздің дала бай дала, Алтын астық айнала. Аружан: Түсіп жатыр аулада Ағаштардан жапырақ. Алтын күзім келді ма? Сарғайыпты жапырақ.

	Жапырағын ағаштың селбіретіп. Тойға бөлеп елімді «Күз» боп келдім Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп. Балалар, біз де күзге тақпақ айтып берейік. -Рахмет балалар! - Мен сендерге ойын алып келдім. - Жарайсыңдар балалар! Дәмін татып қай жеміс екенін тез және тура таптыңдар. Сергіту жаттығуы. Ойын: «Ғажайып қоржын». мақсаты: қоржыннан алған жеміс- көкөністерді атау. Алма – домалақ, түсі қызыл, сары, жасыл, дәмі тәтті. Қияр – сопақша, түсі жасыл. Сәбіз – түсі қызыл-сары, өте дәмді. Анар – домалақ, дәмі қышқыл- тәтті. Барлық көкөніс пен жемістер дәруменге бай. Алма мен қиярдың мүсінін жасалу тәсілін балаларға көрсетіп, оларды екі орталыққа бөлу: I – Жемістер орталығы. мақсаты: алманың мүсінін алақан арасында тұзды қамырды есіп жасау. II – Көкөністер орталығы. мақсаты: қиярдың мүсінін алақан арасында тұзды қамырдан жасау. Қонаққа кім келді? Қандай жеміс пен көкөністің мүсінін жасадық? Ұйымдастырылған оқу іс- ірекетін берілген тақырыпта сұрақ- жауап арқылы қортындылау, балаларды мақтау.	Жомарт күз Жемісті мол теретін «Күз» дос екен біздермен Бәрін тауып беретін, Жомарт екен «Күз» деген! Ойын: «Дәміне қарай тап!» Орнымыздан тұрамыз, Бау-бақшаға барамыз. Алма теріп аламыз, Жүзім теріп аламыз. Сәбіз, қияр тереміз, Бәрін себетке саламыз, Тобымызға келеміз, Қолымызды жуамыз. Орнымызды табамыз. Балалар сергіту сәтін іс- қимылмен жасайды. Алма, қияр, сәбіз, анар. «Шебер қолдар» тақырыбында балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.
--	--	---

Рефлексивті коррекциялау		Күз келді! Алма, қияр. Балалар өзінің іс-әрекетін әңгімелейді, мүсіндеген жұмысына баға береді.
--	--	---

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Күз мезгілінде барлық жеміс, көкөністер пісіп, жиын-терім болатынын түсіне білді.

Қалыптасқан әдет: Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетіне қызығушылық танытады.

Істей біледі: Балалар өз бетімен іс-әрекет жасап, алма мен қиярдың мүсінін жасауды меңгере білді.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 22.09.2021ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Тақырып: «Добым, добым дөңгелек, Тоқтамайсың дөңгелеп»

Мақсаты:

Білімділік: Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйрету. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: Достастыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әр түрлі, әр түсті доптар.

Қажет құралдар: тұзды қамыр, тақтайша, сүлгі.

Сөздік жұмыс: қамқорлық, төрт түлік мал.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

Қостілділік компоненті: Доп-меч

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ш.ш: 06-04-«Б» №18 Балалар сендер кілемінің үстінде отырып ойнағанды жақсы көресіңдер ме? Кілемнің үстіне қарандаршы сендерді әдемі, дөп - дөңгелек доптар күтіп тұр. Сендермен ойнағымыз келеді дейді. Ал сендердің доппен ойнағыларың келеме? Олай болса ең алдымен, топтың ішінде доппен қалай ойнау керек екендігі туралы ережені есімізге сақтап алайық. - олай болса, топтың ішінде доптармен қалай ойнасақ болады? - Доптар сондай жеңіл олар секіргенді, дөңгелегенді ұнатады. Олар биікке секіріп, алысқа дөңгелеп тыңдамай қоюлары мүмкін. Сол үшін сендер оларға топтың ішінде қалай ойнау керек екендігін үйретіңдер.	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі - көңіл ажары! Күліп өмір сүрейік! - Балалар ия жақсы көреміз. Балалар доптарды көріп, ойнағылары келетіндерін айтады.Доппен ойнағанда қандай оқыс жағдайлар болуы мүмкін? (допты тым биікке лақтырсақ, жарықты сындырып аламыз, алысқа лақтырсақ терезеге тигізіп алуымыз мүмкін немесе басқа заттарды да құлатып алуымыз мүмкін)(бір - бірімізге дөңгелетіп, еденге соғып немес бір - біріміздің қолымызға лақтырамыз т.

		б.)Балалар жауабы Доппен ойнай отырып, олардың дөңгелек, жұмыр екендігін анықтайды
Іздену барлау	Енді доптарымыз біраз демалсын, кілемнің үстінде қалдырайық та үстелімізге келіп отырайықшы. - Балалар доп қандай болады екен? (Добымызға қарап, «Добым, добым дөңгелек, тоқтамайсың дөңгелеп» деп айтсақ болама? Біздің тобымызда бұлардан басқа қандай доптар бар? Және ойнаған доптарымыз кішкентай болған. Ал мұналар қандай? (үлкен) Демек доптар үлкен, кішкентай пішінде бола береді екен. Мен сендерге бүгін тұзды қамыр арқылы доп жасауды үйреткім келеді. Сендер әрқайсыңда өз қолыңнан жасалған доп болғанын қалайсыңдар ма? Олай болса мұқият болайық. Бізге ол үшін қандай құралдар қажет екен?(өзім жасау жолдарын көрсетемін) 1. Доптың көлемі мен түсін анықтаймыз. Сол доптың түсіне сәйкес тұзды қамырда таңдаймыз. 2. Тұзды қамырды жұмсартамыз 3. Екі алақанымыздың ортасына тұзды қамырды салып дөңгелетеміз 4. балаларға ауада осы іс - әрекеттерді орындатамын 5. Өзбеттеріменжұмыс істейді (көмегімді қажеттен балаға көмектесемін)	дөңгелек, дөңгелегенді ұнатады Доп туралы 2 шумақты қайталап айтады Үстел үстіндегі заттарды атайды. (тұзды қамырды, тақтайша, сүлгі) Мұқият тыңдайды Ауада қайталайды өз еріктерімен допты мүсіндеді
Рефлексивті – қорытындылау	Сонымен барлығымыз тұзды қамыр арқылы не жасап алдық? Допты жасаған сендерге оңай тиді ме? Ендеше кімнің добы әдемі болғандығын және ата – аналарымызға көрсету үшін көрмеге орналастырайық. Үйге барғансоң да осылайша тұзды қамыр арқылы доп жасап алуларыңа болады. (доппен еркін ойнауға рұқсат беріледі) Балалар жауабы	Доп жасадық Ия. Доп жасаған оңай екен. Көрмеге жұмыстарын орналастырып, ең әдемі допты таңдайды

Күтілетін нәтиже

Білуі немесе хабардар болуы:Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады.

Қалыптасқан әдет: Түстерді ажырата біледі.

Істей біледі: Мүсіндей алады

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 05.10.2021ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Тақырып: «Жүзік»

Мақсаты:

Білімділік: Балаларға зергерлік өнер туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Сөздік қорларын бейнелі дұрыс жеткізе білу іскерліктерін, шығармашылық қиялдарын дамыту.

Тәрбиелік: Қазақтың салт-дәстүрлерін және үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Зергерлік бұйымдар, алқа, білезік, жүзік

Қажет құралдар: тұзды камыр, тақтайша, қылқалам сүлгі.

Сөздік жұмыс: Зергер, шебер.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

Қостілділік компоненті: Жүзік-кольцо.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ш.ш: 06-04-«Б» №18 Балалар, жылдың неше мезгілі бар? Аптаның неше күні бар? Балалар, біздер өткен іс-әрекетімізде нені мүсіндедік? Қане, бәріміз есімізге түсірейік. Нені мүсіндедік? Ал енді бүгін біздер жүзікті мүсіндейік және оны бояумен бояйық. Сонда мүсіндеген жүзігімізді әжемізге сыйлаймыз. Ал, мына жерде зергерлер бұйымы көп екен, сендер нені көріп тұрсыңдар? Бұны кімдер тағады? Бұл жерді не деп атаймыз?	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі - көңіл ажары! Күліп өмір сүрейік! Жылда 4 мезгіл бар. Аптада 7 күн бар. Доптың бейнесін. Алқа, білезік, сырға, сақина өте көп екен. Әжелер, тәтелер, апалар, тағады Зергерлік дүкені деп атаймыз. Сатушы сатады. Ал, біздер сатып алушылармыз.

	Дүкендегі заттарды кімдер сатады? Балалар, сендерге не ұнады?	Жүзіктің ұнағанын айтады.
Іздену барлау	Алдымен, сендер қалай жасалу жолдарын түсініп алыңдар, әуелі қамырымызды жақсылап араластырып оны тұзға былғаймыз, сонда тұзға былғанған қамырымыз дайын болады. Енді одан жүзікті мүсіндейік, алақанымызды арасына салып жұмсартып алып, оны ұзынша етіп аламыз. Соны екі саусағымыздың ұшымен екеуін біріктіреміз. Сонда жүзігімізді мүсіндедік. Енді өзіміздің қалаған бояуымызбен бояймыз. Боямас бұрын қылқаламның ұшымен жұқалап бояймыз. Боялған соң қылқаламның ұшын жуып қоямыз, ал қолымызды шүберекпен сүртеміз. Сергіту сәті:	Балалар тәрбиешіні зейін қойып тыңдайды. Тәрбиешіге қарап жүзікті мүсіндеуге кіріседі. Оңға-оңға түзеу тұр Солға-солға түзеу тұр, Алға қарай бір адым Артқа қарай бір адым Жоғары төмен қарайық Орнымыздытабайық.
Рефлексивті – қорытындылау	Балалар, біздер не жасадық, зергерлер, шеберлер деген кімдер? Олар не жасайды? Зергерлік бұйымдар сендерге ұнай ма? Ойын : «Сақина» ойынымен аяқтау.	Жүзік жасадық. Зергелік бұйымдар жасайды.

Күтілетін нәтиже

Білуі немесе хабардар болуы: Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады.

Қалыптасқан әдет: Түстерді ажырата біледі.

Істей біледі: Мүсіндей алады

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 19.10.2021

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Тақырып: «Алтын балық»

Мақсаты:

Білімділік: Балаларға балық туралы жан-жақты түсінік беру, тіршілік ортасымен таныстыру, алақан арасына салып домалақтау, жаншу, жалпақтау, есу тәсілдерін жалғастыру.

Дамытушылық: Мүсіндеуде саусақ қимыл-қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру, бірнеше бөліктен тұратын заттарды бір-біріне біріктіруді дамыту.

Тәрбиелік: Саусақ ептілігімен пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Балықтардың суреттері, аквариум.

Қажет құралдар: тұзды қамыр, тақтайша, қылқалам сүлгі.

Сөздік жұмыс: алтын балық, балдыр, жүзу, аквариум, ұлу.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап сергіту сәті, қортындылау.

Қостілділік компоненті: Балық – рыба.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ш.ш: Жұмбақ жасыру: Шаңқ-шұңқ еткен үні жоқ, Сусыз оның күні жоқ Жүріп кетсе соңында, Қалып жатқан ізі жоқ. Бұл не? - Балалар, дұрыс шештіңдер. Бүгінгі мүсіндеу ерекше болмақ. Өйткені біз жай балық емес, ертегідегі біздің тілегімізді орындай алатын балықты мүсіндейміз. Ол үшін біз балықтар туралы жан-жақты мәлімет алайық. - Балықтың аттарын білесіңдер ме? - Балықтар қайда тіршілік етеді? Жануарлар мен жәндіктер жерде және суда тіршілік етіп көбейсе, ал балықтар тек қана суда ғана тіршілік етіп көбейеді. Балықтардың 22000-нан астам түрі бар деп есептеледі.	Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз. Міне біздер қандаймыз! Орман, көлге, шыңға біз Саяхатқа шығамыз. Бөлінбейді іргеміз, Әрқашанда біргеміз! Әрқашан тілектес, Досыңа көмектес! Ол- балық. Балықтар - негізінен судағы тіршілікке бейімделген жануар. Жүзу жағынан олар өзге жануарлардан асып түседі: Балықтар өкпе арқылы емес, желбезек арқылы тыныс, дем алады. Желбезек арқылы балықтарға суда араласқан оттегі түседі.

Іздену барлау	1.Балықтың денесін жасау үшін тұзды қамырды алақанға салып, айналдыра отырып домалақ пішінге келтіру. 2.Домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып, жаншу арқылы жалпақтау. 3.Қанатын есу. 4.Құйрығын есу, жалпақтау арқылы жасайды 5.Заттарды бір-біріне біріктіру.(денесіне қанаттарын, құйрығын өз қалаулары бойынша әсемдеу. Заттарды бір-біріне біріктіруде, саусақ ептілігімен пішінді бұзбай таза, ұқыпты орындауға қадағалау.) Тосын сый: 6.Осы кезде өзен, су тасқыны естіледі. Су перісінің қызы кіреді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! - Балалар, мен су перісінің қызымын, суда ғана өмір сүремін. Мен сендердің балықты мүсіндеп жатқандарыңды көріп, еңбектеріңе риза болып, аквариум ала келдім, өйткені балық суда ғана тіршілік етеді. Тәрбиеші: - Рақмет, сізге су перісі! Біз жай балықты емес, тілегімізді орындайтын балықты мүсіндедік аквариумыңызға рақмет! Сергіту сәті:	Тұп-тұнық мөлдір суда Балық жүзіп жүр екен Біресе керіледі, біресе жиырылады Біресе құмға тығылады.
Рефлексивті – қорытындылау	Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру. - Балалар ақ тілектеріңді айтып, балықтарыңды мына аквариумға жібере қойындар. - Жұлдыз, сен қандай тілек айтасың? Су перісі балалардың жұмыстарына баға береді. Балалар өз бетінше жұмыс жасайды	Балалар мүсіндеген балықтарын көрмеге қояды. - Сіздерге денсаулық, бақыт тілеймін.т.с.с.

Күтілетін нәтиже

Білуі немесе хабардар болуы:Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамытады.

Қалыптасқан әдет: Түстерді ажырата біледі.

Істей біледі: Мүсіндей алады

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 02.11.2021ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Үйрек»

Мақсаты:

1. Білімділік: Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Қиялдарын дамыту. Үйректі мүсіндей алуға үйрету.

2. Дамытушылық: Саусақ маторикаларын дамыту.

3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Үйректің суреті, мүсіні.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Мүсін, үй құсы.

Қос тілділік компоненті : Мүсіндеу – лепить, үйрек – утка.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық – қозғаушы	Ш.ш «Біз бақытты балдырған» 06-04-«Б».№21 Ғажайып сәті: Есіктарсылы естіледі. Топқа, қолындатұзды қамыры бар қуыршақ Еркежан келеді. Еркежан: Балаларменің қолымдағы не нәрсе? Мұны жеуге бола ма?	Қане, қане тұрамыз. Үлкен шеңбер құрамыз. Біз бақытты балдырған Біз көңілді балдырған Ойыншықпен ойнаймыз. Тату-тәтті боламыз. Балалар қызығушылықтанытады. Балалар, оның тұзды қамыры кенінайтады. Тұзды қамырды жеуге болмайды.
Іздену - барлау	Тұзды қамырмен не істеуге болады? Сендер маған мүсін жасауды үйретесіңдер ме? Тәрбиеші: Еркежан, сен балалардың қасына отыр. Мен сендерді тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырамын. Тұзды қамырды алақанның ортасына салып есуге, илеуге, үзіп алып, мүсіндер жасауға болады. Ол жұмсақ болады. Тұзды қамырды ауызға салуға болмайды. Жұмыс соңында қолдарыңды сүлгімен сүрту керек. Тұзды қамырды таратып береді. Үйректі көрсетіп, мүсіндеулерін сұрайды.	Тұзды қамырмен мүсіндер жасауға болады. Жарайды, бізбен бірге отыр, біз саған мүсін жасауды үйретеміз. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Мен, Еркежанға үйрек жасауды үйретемін. Мен, Еркежанға мүсіндеуге көмектесемін. Балалар ермек саздан үйректі жасауға кіріседі. Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз.

	Балалар сендер не жасайсыңдар? Сергітүсәті: 06-04-«Ә»..№1	Күнге қарайталпынып, Көкке қолды созамыз. Қанатқағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.
Рефлексивті - қорытындылау	Еркежан, балалардан не жасағандарын сұрайды. Рахмет сендерге балалар, енді мен ермексаздың не үшін керек екенін білетін боламын. Сау болыңдар - деп кетеді.	Балалар өздерінің мүсіндерін Еркежанға беріп, мен, үйрек жасадым.

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мүсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 16.11.2021ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы:«Торғай»

Мақсаты:

1. Білімділік: Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Есу, ұзу арқылы торғайды мүсіндей алуға үйрету.

2. Дамытушылық: Саусақ маторикаларын дамыту.

3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Торғайдың суреті.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Мүсін, қиял, ойлау.

Қос тілділік компоненті : Мүсіндеу – лепить. Торғай-птица.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық–қозғаушы	Ш.ш 06-04 «Б»№28 Ғажайып сәті:Есік тарсылы естіледі. Топқа, қолында тұзды қамыры бар қуыршақ Еркежан келеді. Еркежан: Балалар менің қолымдағы не нәрсе? Мұны жеуге бола ма?	Достарды біз қолдаймыз Қиын шақта қолдаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз! Балалар қызығушылық танытады. Балалар, оның ермексаз екенін айтады. Тұзды қамырды жеуге болмайды.
Іздену - барлау	Тұзды қамырмен не істеуге болады? Сендер маған мүсін жасауды үйретесіңдер ме? Тәрбиеші: Еркежан, сен балалардың қасына отыр. Мен сендерді тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырамын. Тұзды қамырды алақанның ортасына салып есуге, илеуге, үзіп алып, мүсіндер жасауға болады. Ол жұмсақ болады. Тұзды қамырды ауызға салуға болмайды. Жұмыс соңында қолдарыңды сүлгімен сүрту керек. Ермексазды таратып береді. - Балалар, осы тұзды қамырмен біз бүгін торғайды жасап үйренеміз. - Сендер торғай туралы қандай тақпақ білесіңдер?	Тұзды қамырмен мүсіндер жасауға болады. Жарайды, бізбен бірге отыр, біз саған мүсін жасауды үйретеміз. Балалар тәрбиешінің мұқияттыңда йды. Торғай, торғай тоқылдақ. Жерден бидай шоқыпалып, Бөтекесі бүлкілдеп, Отыр талда шықылдап. Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке

	Сергітүсәті: 06-04-«Ә»..№1	қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.
Рефлексивті - қорытындылау	Еркежан, балалардан не жасағандарын сұрайды. Рахмет сендерге балалар, енді мен тұзды қамырдың не үшін керек екенін білетін боламын. Сау болыңдар - деп кетеді.	Балалар өздерінің мүсіндерін Еркежанға беріп, мен, торғай жасадым – деп өз жасаған мүсіндерінің аттарын айтады.

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мүсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 07.12.2021ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: Үй жануарларын мүсіндеу «Қозы»

Мақсаты:

1. Білімділік: Үй жануарлары жайлы білімдерін кеңейту.

2. Дамытушылық: Саусақ моторикаларын дамыту.

3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Үй жануарларының суреті.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Мүсін, қиял, ойлау.

Қос тілділік компоненті: Қозы-ягненок.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық–қозғаушы	Ш.ш 06-04 «Б»№28 Ғажайып сәті:Есік тарсылы естіледі. Топқа, қуыршақ Айгерім кіреді. - Сәлеметсіңдерме балалар? - Сендерді аналарың қалай еркелетеді?	Достарды біз қолдаймыз Қиын шақта қолдаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз! Балаларқызығушылықтанытады. - Сәлеметсізбе! - Мені, анам құлыным- деп еркелетеді. - Мені,ботам –деп еркелетеді.
Іздену - барлау	- Көрдiңдер ме, балалар! Сендердi аналарың төрт түлiк малдың атымен еркелетедi екен. - Тағы қандай үй жануарларының атарымен еркелетеді? «Төлін тап» д.о Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Моп-момақан –өзі, сүп-сүйкімді – көзі, ол кім? - Олай болса біз сендермен қозының мүсінін жасайық. Сергітусәті: 06-04-«Ә»..№1	-Ботам, қозым, лағым, құлыншағым. Балалар суретке қарап үй жануарларының төлдерін айтады. - Балалар, «қозы» екенін айтады. Балалар тұзды қамырмен мүсінді жасауға кіріседі. Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.

Рефлексивті - қорытындылау	Айгерім, балалардан не жасағандарын сұрайды. Жұмыс соңында «өрісте жайылып жүрген қошақандар» атты көрме ұйымдастыру. Рахмет сендерге балалар, енді мен үй жануарлары туралы, олардың төлдері туралы көп нәрсе білетін болдым. Сау болыңдар – деп кетеді.	Балала рөздерінің мүсіндерін Айгерімге беріп, мен, қозы жасадым – деп өз жасаған мүсіндерінің аттарын айтады.
-----------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мүсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты : 25.12.2013.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Шыршаға арналған ойыншықтар»

Мақсаты:

- 1. Білімділік:** Балалардың қыс туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшелігін аңғара білуге үйрету.
- 2. Дамытушылық:** Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістерін ажырата білуге үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту.
- 3. Тәрбиелік:** Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Зейін қойып тыңдай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Қыс мезгілінің суреттері. Шырша. Аққала.

Құрал-жабдықтар: тұзды қамыр, сүлгі. тақтайша.

Сөздік жұмыс: суық, қарлы, ызғар.

Қостілділік компоненті : Қыс-зима.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық–қозғаушы	Ш.ш«Арайлап таң атты!» 06-04-«Б».№17 Қызықтыру сәті: Қонаққа Ақпан келеді. Ақпанның балаларға арналған тапсырмалары бар.	Балалар шаттық шеңберін айтады. Балалар қызығушылық танытады.
Іздену - барлау	-Тәрбиеші: Балаларды жартылай шеңбер бойымен отырғызып қыс мезгілі туралы әңгімелеседі. - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Неге олай ойлайсындар? - Қыста қандай мереке болады? - Мерекеде бізге кім келеді? Шыршаны немен безендіреді? Қыстың балалар үш айы бар екен. Олар желтоқсан, қаңтар және ақпан. Сюжетті суретке қарап әңгіме құрастырту. Ақпан келеді. Тәрбиеші: Сен кімсің? Балалар Аяз ата Ақпаннан бізге хат беріп жіберіпті. Бұл хатта былай деп жазылыпты. Балалар сендер сыйлық алғанды	Қазір жылдың қыс мезгілі екенін айтады. Өйткені дала суық, қар жатыр т.б Қыста жаңа жыл мерекесі болады. Мерекеге Аяз ата мен ақшақар келеді. Шыршаны ойыншықтармен безендіреді. Менің атым-Ақпан Келдім суық жақтан. Тоңып қалмай балалар. Аязымнан сақтан!

	жақсы көресіңдер ме? Олай болса менің тапсырмаларымды орындандар. Орындайық па балалар. 1. Тапсырма: Жұмбақ жасырыпты. Тікен-тікен тік пісте. Қысы жазы бір түсте - ол не балалар? 2. Екінші тапсырмам осы шыршаға арнап әдемі ойыншықтар жасаңдар депті.	Қуана «иә» деп жауап береді. Біз сыйлық алғанды жақсы көреміз. Иә, тапсырмаларды орындайық. «Шырша» Балалар тұзды қамырдан ойыншық жасауға кіріседі.
Рефлексивті - қорытындылау	Ойын: «Иә немесе жоқ» Сұрақтар: 1. Қарды жеуге бола ма? 2. Қыста жылы киіну керек пе? 3. Мұзды жеуге бола ма? 4. Қыста жаңбыр жауа ма? 5. Қыста қар жауа ма? 6. Шанамен сырғанап ойнауға бола ма? Шыршаның шамы жаңып шыршаның ойыншықтары тәттіге айналады.	Балалар тәрбиешінің қойған сұрақтарына ия, жоқ деп жауап береді. Жоқ Иә Жоқ Жоқ Иә. Иә. Балалар мәз болып тәттіні алады. Өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Қыс мезгілі жайлы, қыста болатын өзгерістер жайлы біледі.

Қыста қандай ойындар ойнауға болатыны жайлы, қардың қасиетімен танысады.

Қалыптасқан әдет: Ойындарға белсене қатысады. Өз ойларын жеткізе алады.

Істей біледі: Тақпақтарды айтады. Ойындарға қатысады.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 10. 01.2022

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Мен, менің достарым жануарларым»

Мақсаты: **1.Білімділік:** Жануарлардың қысқы тіршілігі (азық дайындауы, қыс бойы ұйқыда болуы) туралы әңгімелеу.

2.Дамытушылық: Туған өлкенің жануарларын қорғау. Сөздік қорларын молайту. Саусақ маторикаларын дамыту.

3.Тәрбиелік: Жануарларды қамқорлыққа алу сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілік: Жануарлардың суреттері, муляждары.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Мейірімділік.

Қостілділік компоненті: Жануарлар –животные.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	06-04-«Б». №22 «Әдепті сөздер» Ғажайып сәті: Тәрбиеші: - балаларға, сиқырлы дорбаны көрсетеді. Дорбада жануарлардың муляждары жатыр екен. Балалар, бұл не заттар?	Балаларжартылайшеңбергет ұрады. - Сен әдептісің. - Сен мейірімдісің. - Сен қамқорсың. - Сен ақкөңілсің. - Сен шыншылсың. Балаларназарларындорбағаа ударады. Балалар оның жануарлар екенін айтады.
Іздену-барлау	Оқу іс –әрекетін жабайы аңдар туралы суреттерді көрсетуден бастау. - Балалар, сендер қандай жабайы аңдарды білесіңдер? - Мынау қандай аңның суреті? Аю туралы кім тақпақ біледі. - Неге біз оларды жабайы жануарлар деп атаймыз? Тәрбиеші, балаларға жабайы аңдар туралы қысқаша әңгімелеп береді. Ақ аю мен қоңыр аюды көрсетеді. - Ақаюнеменқоректенедіекен? - Қоңыраюнеменқоректенеді? - Қысмезгілікелгендеаюлар не істейді? Біз жануарлар жайлы көп мәліметтер алдық. Енді әркім өзіне ұнайтын жануардың мүсінін жасасын.	Аю, қасқыр, түлкі, арыстан. Бұл, аюдың суреті. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық. Аузымызға салайық. Себебі олар елсіз далада өз беттерімен өмір сүреді. Өз азықтарын өздері тауып жейді. Балалар зейін қойып тыңдайды. Ақ аю суға сүңгіп, балықтарды ұстап жейді. Қоңыр аю жеміс-жидектерді теріп жейді. Қыста аюлар ұйқыға кетеді. - Балалар мүсінді жасауға кіріседі. Ән салуға барамыз,

	Сергіту сәті: 06-04-«Ә». №4	Досымызды табамыз. Сәлемет пе! Міне, мен! Доспын енді сенімен.
Рефлексивті-қозғаушы	Жануарлар туралы мақал-мәтелдер айтып береді. Белсене қатысқан балаларды мақтау.	Балалар мақалдарды тыңдап, жаттайды.

Күтілетін нәтижесі:

Білуі немесе хабардар болуы: Жануарлардың қысқы тіршілігі (азық дайындауы, қыс бойы ұйқыда болуы) туралы хабардар болады. Туған өлкенің жануарларын қорғауға үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тыңдай біледі, әңгімелейді.

Істей білуі: Ойынға қатысады, тыңдайды, әңгімелейді.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты : 24.01. 2022ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Аққала»

Мақсаты :

1. **Білімділік:** Үлгіге сүйене отырып, дайын пішіндерден бейнелерді мүсіндей білуге үйрету.
2. **Дамытушылық:** Мүсіндеу техникасы дағдылары мен біліктерін дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Аққаланың суреті.

Сөздік жұмыс: Қыс қызығы, қысқы ойындар.

Қостілділік компоненті: Аққала-снеговик.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушы	Ш.ш: 06-04-«Б» №18 Қызықтыру сәті: Есік тарсылы естіледі. Топқа қуыршақ Айгерім келеді. Айгерімнің қолында суреттері, бар.	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі - көңіл ажары! Күліп өмір сүрейік! Балалар, бұл суреттер не үшін керек екен деп, қызығушылық танытады. Балалар таңырқай қарайды.
Іздену - барлау	Қуыршақ: Балалар әр мезгілдің өз қызықтары бар. Қыс мезгілінің қандай қызықтарын білесіңдер? Мен сендерге бір жұмбақ жасырайын: Оны қардан жасаймыз, мұрны оның сәбіз, қолында сыпырғыш, басына шелек кигіземіз. Біледі оны барлық бала Кім екен ол? (Аққала) Дұрыс айтасындар, балалар, ол аққала екен. Олай болса барлығымыз бірігіп аққаланың мүсінін жасайық. Тәрбиеші: Балаларға қалай жұмыс жасау керектігін айтады. Қауіпсіздік	Қыс мезгілінде Жаңа жыл мерекесі болады. Қыс мезгілінде қар атысып ойнауға, шаңғы тебуге, шанамен сырғанауға болады. Тәрбиешінің айтқандарын тыңдап отырады. Балалар жұмбақтың жауабы Аққала деп айтады.

	ережесін естеріне салады. Жұмыс соңында қолдарын сүлгімен сүртуді ұмытпау керектігі жайлы айтады. Сергіту сәті: 06-04-«Ә» №3	Балалар үлгіге қарап аққаланың мүсінін жасайды. Санайық жаңаша, Бір,екі,үш! Желбіре жалауша, Бір,ек, үш! Достықта-біздің күш. Бір,екі,үш!
Рефлексивті - қорытындылау	Қуыршақ балаларды далаға серуенге шақырады. Далада қардан аққала жасайық деп ұсыныс айтады.	Балалар өз жұмыстарын қуыршаққа береді. Істеген жақсы істеріне қуанады. Серуенге шығып аққала жасайды.

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы:

Үлгіге қарап, пішіндерден заттарды құрастыра білуге үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тәрбиешінің айтқанын тыңдайдытапсырмасын орындайды.

Істей біледі: Үлгіге қарап құрастырады, бейнелейді.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 07.02.2022ж

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Ұшақ»

Мақсаты:

1. Білімділік: Көліктер жайлы білімдерін кеңейту.

2. Дамытушылық: Саусақ маторикаларын дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту.

3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Көліктердің суреті.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Мүсін, қиял, ойлау.

Қос тілділік компоненті: Көлік-транспорт. Ұшақ-самалет

Әрекеткезеңдері	Тәрбиешініңіс-әрекеті	Балалардыңіс-әрекеті
Мотивациялық–қозғаушы	Ш.ш 06-04 «Б»№43	Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Сіздерге сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Әдептен біз озбаймыз, Жадымызда ұстаймыз. Жол тәртібін уйреніп, Аман-есен жүреміз.
Іздену - барлау	«Көліктер аялдамасы» ойыны. Ойын шарты: балалар үстел үстінен қалаған көлік түрін таңдап алады да, әр қайсысы өзінің тоқтайтын аялдамасын тауып ажырату. Тәрбиеші: Балалар сендерге тапсырма: Сен көліктің қандай түрін таңдадың, қандай аялдамаға тоқтадың? Неліктен? Барлығың бірігіп, ойланып, пікірлесіп жауап беріңдер. II. Мағынаны тану: 1.Тәрбиеші: Балалар Асатасы не? Тәрбиеші:Дұрысайтасыңдар. Нанның дастарқанға үлкен еңбектің арқасында келетінін бұрыннан білесіңдер. Қане, есімізге түсірейікші. Тәрбиеші: Өздеріңнің аналарыңның күнде дайындап жүрген нан ашытқысын білгілерің келе ме? Олай болса, маған назар аударыңдар, мен қамырды қалай	Біз тікұшақты таңдадық. Біз тік ұшақты таңдаған себебіміз.... Ол әуе жолдарымен ұшады. Балалардың жауабы: Ас атасы-нан. Балалардың жауабы: Көктемде егінші жер жыртып, дән себеді. Оны жаздай баптап күтеді.Күзде комбайынмен орады.т.с.с әңгімелейді.Тәрбиешінің айтқандарын мұқият тыңдап отырады.

	дайындайтынын көрсетемін. Алдымен табақшамызға қажетті мөлшерде ұн салып аламыз да, жылы суға аз мөлшерде ашытқы саламыз, дәмді болуы үшін оған кішкене шекер, тұз, жұмыртқа қосып араластырып, оны табақшадағы ұнға құйып қамыр иелейміз де, кішкене уақыт көтерілуге қоямыз, одан соң көтерілген қамырымызды арнайы пешке қойып, нанды пісіреміз. Бұрын мүсіндеу сабағында ермексазды пайдалансақ, бүгін ермексаз орнына тұзды қамырды пайдаланамыз. Бүгінгі жасайтын жұмысымыз тұзды қамырдан ұшақ кесіп дайындау. Алдымен ыдысқа 250-300 гр. Бидай ұнын салып, оған 150 гр. тұз, 3 ас қасық май, 240 гр. су қосып қамыр илеп, дайындап қойдым. Біз бүгін осы алдымыздағы дайын тұзды қамырды оқтаумен, қалыңдығы 0,5 см етіп жаямыз да, оның бетіне кескішпен қалаған машина суретін салып кесеміз. Ал, енді жұмысқа кірісейік. 2. Сергіту сәті: «Көліктер-2» мультфильмін тамашалау.	Балалар алжапқыштарын киіп, жұмыстарына кіріседі де, аяқтаған жұмысты пешке қойып кептіре береді. Дайын болғанша, бой сергітіп, мультфильм көреді.
Рефлексивті - қорытындылау	«Ой толғаныс» Тәрбиеші балалардың жұмыстарын талдап, сабаққа жақсы қатынасқандарын мадақтап, балаларға белгі таратылып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды.	Балалар: Жалғайтын достастырып бар елменен Жолдардан тұрады ғой әлем деген. Айтамыз бізге келген қонақтарға Сақтаңыздар жол жүру ережесін.

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мүсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 21.02.2022

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Машина»

Мақсаты:

1. Білімділік: Көліктер жайлы білімдерін кеңейту.

2. Дамытушылық: Саусақ маторикаларын дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту.

3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Көліктердің суреті.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Мүсін, қиял, ойлау.

Қос тілділік компоненті: Көлік-транспорт.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық–қозғаушы	Ш.ш 06-04 «Б»№43	Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Сіздерге сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Әдептен біз озбаймыз, Жадымызда ұстаймыз. Жол тәртібін уйреніп, Аман-есен жүреміз.
Іздену - барлау	«Көліктер аялдамасы» ойыны. Ойын шарты: балалар үстел үстінен қалаған көлік түрін таңдап алады да, әр қайсысы өзінің тоқтайтын аялдамасын тауып ажырату. Тәрбиеші: Балалар сендерге тапсырма: Сен көліктің қандай түрін таңдадың, қандай аялдамаға тоқтадың? Неліктен? Барлығың бірігіп, ойланып, пікірлесіп жауап беріндер. II. Мағынаны тану: 1.Тәрбиеші: Балалар Асатасы не? Тәрбиеші:Дұрысайтасыңдар. Нанның дастарқанға үлкен еңбектің арқасында келетінін бұрыннан білесіңдер. Қане, есімізге түсірейікші. Тәрбиеші: Өздеріңнің аналарыңның күнде дайындап жүрген нан ашытқысын білгілерің келе ме? Олай болса, маған назар аударыңдар, мен қамырды қалай	Біз тікұшақты таңдадық. Біз тік ұшақты таңдаған себебіміз.... Ол әуе жолдарымен ұшады. Балалардың жауабы: Ас атасы-нан. Балалардың жауабы: Көктемде егінші жер жыртып, дән себеді. Оны жаздай баптап күтеді.Күзде комбайынмен

	дайындайтынын көрсетемін. Алдымен табақшамызға қажетті мөлшерде ұн салып аламыз да, жылы суға аз мөлшерде ашытқы саламыз, дәмді болуы үшін оған кішкене шекер, тұз, жұмыртқа қосып араластырып, оны табақшадағы ұнға құйып қамыр иелейміз де, кішкене уақыт көтерілуге қоямыз, одан соң көтерілген қамырымызды арнайы пешке қойып, нанды пісіреміз. Бұрын мүсіндеу сабағында ермексазды пайдалансақ, бүгін ермексаз орнына тұзды қамырды пайдаланамыз. Бүгінгі жасайтын жұмысымыз тұзды қамырдан машина кесіп дайындау. Алдымен ыдысқа 250-300 гр. Бидай ұнын салып, оған 150 гр. тұз, 3 ас қасық май, 240 гр. су қосып қамыр илеп, дайындап қойдым. Біз бүгін осы алдымыздағы дайын тұзды қамырды оқтаумен, қалыңдығы 0,5 см етіп жаямыз да, оның бетіне кескішпен қалаған машина суретін салып кесеміз. Ал, енді жұмысқа кірісейік. 2.Сергіту сәті: «Көліктер-2» мультфильмін тамашалау.	орады. т.с.с әңгімелейді. Тәрбиешінің айтқандарын мұқият тыңдап отырады. Балалар алжапқыштарын киіп, жұмыстарына кіріседі де, аяқтаған жұмысты пешке қойып кептіре береді. Дайын болғанша, бой сергітіп, мультфильм көреді.
Рефлексивті - қорытындылау	«Ой толғаныс» Тәрбиеші балалардың жұмыстарын талдап, сабаққа жақсы қатынасқандарын мадақтап, балаларға белгі таратылып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды.	Балалар: Жалғайтын достастырып бар елменен Жолдардан тұрады ғой әлем деген. Айтамыз бізге келген қонақтарға Сақтаңыздар жол жүру ережесін.

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Тұзды қамырдың қасиеттерін біледі. Өз қиялдары арқылы мүсіндеуге үйренеді. Ойлау қабілеттерін дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын іске асыра алады.

Істей біледі: Мүсіндей алады.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 7.03. 2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Анама арналған гүл»

Мақсаты:

1. Білімділік: Балаларға аналар мерекесі туралы жалпы мағлұмат беру. Біздің еліміздегі аналардың қоғамда алатын орны, мамандығы, ерлік істері туралы әңгімелеп беру.

2. Дамытушылық: Балалардың сөздік қорын дамыту.

3. Тәрбиелік: Өзінен үлкендерге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Аяулы ана, адал ниет, шын жүрек. **Көрнекіліктер:** Сюжетті суреттер.

Бейнетаспа.

Құрал-жабдық: Ойыншық жүрекше, тұзды қамыр, бояу, сүлгі.

Қостілділік компоненті: Мереке – празник.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лыққозғаушы	Ш.ш:06.04 «Тату достар болайық» «Б»№31 Ғажайып сәті: Сазды әуен естіледі. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін «Анаға сәлем» деген (Сөзі О.Иманалиевтікі, әні Е.Хасанғалиевтікі) тыңдаудан бастау.	Қане, қане, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оң жақтағы көршіге, Сол жақтағы көршіге Күлімсірей қарайық. Көкке қолды созайық, Бір-бірімізден озайық, Құшақтасып әр кезде Тату достар болайық. Балалар тынышталып әнді тыңдайды.
Іздену-ұйымдастырушылық	-Бүгін біз іс-әрекетімізді аналарға арналған әнд і тыңдаудан бастаймыз. - Балалар, зер салып тыңдап отырыңдар. - Сендер қандай ән тыңдадыңдар? - Әннің авторы кімекен? - Әнніңсөзінкімжазды? - Балалар, кіманатуралыөлең, тақпақбіледі? - Өмірдегі ең жақсы қандай сөздеп ойлайсыңдар? - Аналар меркесі қай күн? -Сендер наларыңа қалай көмектесесіңдер? - Аналардың еңбегін қалай бағалауға	Балалар зейін қойып тыңдайды. «Анағасәлем» әнінтыңдадық. Әннің авторы Е.Хасанғалиеватамыз. О.Иманғалиевжазды. Балалар білетін тақпақтарын айтып береді. Өмірдегі ең жақсы сөз – ана, мама! Ана-өмірдің гүлі. Аналар мерекесі- 8-ші наурыздаболады. Үйді тазалаймыз, еден жуамыз, дастарханды әзірлеуге көмектесеміз.

	болады? Сюжетті суретті көрсетіп, аналар мерекесі туралы әңгімелеп беру. Сергітусәті: 06-04-«Ә».№1	Менің анам-жақсы адым. Ондай адам менде ғана бар. Аналарымызды жақсы көруіміз керек, оны ренжітуге болмайды. Балалар, зейін қойып тыңдайды. Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.
Рефлексивті-түзеуші	Балаларға аналарының мерекесіне арнап сыйлық жасауды ұсыну. Тұзды қамырмен, бояуды таратып береді. Балалар, бүгін біз қандай мереке туралы әңгімелестік? Жақсы, аналарыңды құрметтеп, сыйлап жүріңдер.	Балалар ұсынысты қуана қарсы алады. Қылқаламмен, тұзды қамырды алып мерекелік сыйлық жасауға кіріседі. Аналар мерекесі туралы.

Күтілетін нәтиже

Білуі немесе хабардар болуы: Балалар аналар мерекесі туралы мағлұмат алады. Біздің еліміздегі аналардың қоғамда алатын орны, мамандығы, ерлік істері туралы хабардар болады.

Қалыптасқан әдет: Өз беттерінше ойларын қорытындылай алу.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 21.03.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған моншақтар»

Мақсаты:

1.Білімділік: Әшекей бұйымдары жайлы білім беру.

2.Дамытушылық: Саусақ маторикаларын дамыту, тізбектей алуға үйрету.

3.Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Көрнекілік: Моншақтардың суреттері.

Сөздік жұмысы: әшекей.

Қостілділік компоненті: моншақ –бұсы.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	III.ш «Жаксы сөздер» 06-04-«Б».№5 Балаларды ұйымдастыру. Есік тарсылы естіледі. Тәрбиеші: Балалар бұл кім болды екен? Балалардың назарын есікке аударады. Топқа хат келеді. Хатта, бүгін қонжықтың туған күні екені жазылады. Тәрбиеші: Балалар біз қонжықтың туған күніне сыйлық апарсақ қайтеді? Тәрбиеші: Қонжыққа арнап моншақ жасауларын ұсынады.	Балалар шеңбер бойымен тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Балалар дыбысты естіп, тыңдайды. Балалар қандай сыйлық жасайтындарын айтады. Балалар келіседі.
Іздену- барлау	Қауіпсіздік ережесімен таныстырады. Тұзды қамырмен жұмыс жасағаннан кейін қолдарын сүлгімен сүртуді ұмытпауларын естеріне салады. Тұзды қамыр таратылып беріледі.	Балалар тыңдайды. Балалар тұзды қамырды екі алақанның ортасына салып, есу арқылы домалақтап моншақтарды жасайды. Балалар ойынға қызыға қатысады.

	Қозғалмалы ойын: «Моншақ»	
Рефлексивті – қорытындылау	Жасаған моншақтарын қонжыққа апарып береді. Қонжық балаларға рахмет айтады.	Балаларды шеңберге тұрғызып өз ойларымен бөлісу.

Күтілетін нәтиже

Білуі не хабардар болуы: Тұзды қамырдан моншақ жасауға үйренеді, оны түрлі-түсті бояулармен бояйды.

Қалыптасқан әдет: Тұзды қамырмен жұмыс жасай біледі.

Істей біледі: Екі алақанмен тұзды қамырды есе алады.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 04.04.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Түймедақ»

Мақсаты:

1. Білімділік: Гүлдер туралы, олардың әр түрлілігі туралы білім беру. Әр-түрлі түстерді пайдалана отырып гүлдерді бояу.

2. Дамытушылық: Қылқаламмен бояуды пайдалана білуге үйрету. Саусақ моторикаларын дамыту.

3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тапсырманы тыңдап, соңына дейін орындай білігіе тәрбиелеу.

Көрнекілік: Гүлдердің суреті.

Құрал – жабдықтар: Қылқалам, бояу, сүлгі, тұзды қамыр.

Сөздік жұмысы: түрлі-түсті.

Қостілділік компоненті: гүлдер-цветы. Түймедақ-рамашка

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	Ш.ш «Мен қандаймын!» 06-04-«Б». №29 Ғажайып сәтіТопқа көктем мезгілі келеді. Қолында гүлдері бар. - Балалар, мен сендерге гүлдер әкелдім. - Бұл гүлдердің қалай аталатынын сендерге айтып берейін. - Гүлдердің аттарын таныстырады. - Мына гүл қалай аталады екен? - Осы түймедақтың мүсінін жасайық.	Жақсылық көрсен біреуден «Мен қандаймын» - деп ойла. Жамандық көрсен біреуден, «Мен қандаймын?»- деп ойла Балалар қызығушылық танытады. Көктем мезгілін мұқият тыңдайды. - Түймедақ - деп аталады. - Балалар келіседі.
Іздену барлау	Қауіпсіздік ережесін естеріне түсіреді. Түймедақтың мүсіндеу жолдарын көрсетеді. Сергіту сәті: 06-04-«Ә». №23	Қылқаламды ауызға салуға болмайды. Бір-біріне қарап сілтемеу керек. Жұмыс соңында қолымызды сүлгімен сүртеміз. Балалар гүлдерді бояуға кіріседі. Тік ұста бойынды, Жоғары соз қолынды. Соз қолынды тағы да, Жеткіз

		жираф мойнына.
Рефлексивті – қорытындылау	-Балалар, бізқандайгүлдерментаныстық? - Түймедақтың түсі қандай екен? -Сендер қандай түсті пайдаландыңдар? - Бұл гүлдерді бізге кім әкелді? Балаларды мақтау. Келесі жолы бұдан да әдемірек салуларын айту.	-Түймедақ, қазтаңдайт.б. - Ақекен. Қызыл, сары, көк, жасыл т.б. - Балалар, Көктем мезгілінің әкелгенін айтады. Балалар өз суреттерін бір-біріне көрсетеді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі немесе хабардар болуы: Гүлдер туралы, олардың әр түрлілігі туралы білім беру. Әр-түрлі түстерді пайдалана отырып гүлдерді бояуға үйрену.

Қалыптасқан әдет:Зейін қойып тыңдай біледі.

Істей біледі: Сұрақтарға жауап береді.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 18.04.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Адам бейнесі»

Мақсаты:

1. **Білімділік:** «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру.
2. **Дамытушылық:** Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру. Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Адам бейнесін бейнелей алуға үйрету, саусақ маторикаларын дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Адамгершілікке, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Ұнтаспа, ойыншық жүрекше, суреттер.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: адамгершілік, мейірімділік, ізгі сөздер.

Қос тілділік компоненті: Туыстар-родня.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушы	Шаттық шеңбері: 06-04-«Б».№4 Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендерді көргеніме қуаныштымын! Бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан жылуын сезінейік. Енді бір-бірімізге жақсы сөздер айтайық.	Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік, Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. Кел, балалар, күлейік Күлкіменен түлейік, Қабақ түйген не керек? Көңілді болып жүрейік! Сен әдептісің. Сен мейірімдісің. Сен қамқорсың. Сен ақкөңілсің. Сен шыншылсың.
Іздену - барлау	Әңгіме құрастыру: «Өзіммен-өзім» Туыс деп кімді айтамыз? Бес саусақ: Ойы «Дүкен» Балалар сендерді дүкенге шақырамын. Бұл жай дүкен емес, сиқырлы дүкен. Әр қайсылырың, осы дүкеннен өз жақындарыңмен туыстарыңа бір нәрсе сатып алып, она не үшін алғандарың	Бас бармағым-атам, үйдің данасы. Балаң үйрек-әжем ошақ анасы, Ортаң терек-әкем, отау панасы. Шылдыр шүмек-шешем, шаңырақ ажары. Титтай бөбек-мен, бәрінің базары. Мысалы: Мен сіңіліме жүрекше сатып алдым, себебі ол мейірімді болса екен деймін

	жайлы айтып бересіңдер. Ғажайып сөздер: Енді балалар біз тұзды қамырдан адам бейнесін жасауды үйренейік. Сергіту сәті:	Туыстарыммызды сыйлаймыз, Туыстарымызбен татумыз. Балалар тұзды қамырды алып адам бейнесін жасауға кіріседі. Бас, иық, тізе, саусақ. Бас, иық, тізе, саусақ. Саусақ, саусақ, саусақ. (саусақ пен тарсылдату) Бас, иық, тізе, саусақ. Бас, иық, тізе, саусақ. Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін. (жылдамдатып тез-тез қайталату)
Рефлексивті қорытындылау	Қорытындылау: Туыстар бір түбірден өскен алып ағаштың бұқтақтары тәрізді екен. Барлығымыздың да туған туыстарымыз бар. Бүгін туыстармен қалай қатынас жасау керектігін үйрендік.	Мен туыстарыма денсаулық тілеймін, Менің туыстарым көңілді жүрсе екен деймін. Мен туыстарыма ашық аспан тілеймін!

Күтілетін нәтижесі:

Білуі немесе хабардар болуы: «Туыстары» жайлы түсініктерін кеңейту. «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсінеді. Тұзды қамырдан бейне жасай алуға үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тыңдай біледі, әңгімелейді, сұрақтарға жауап береді, өзіне баға бере білуі.

Істей білуі: Тыңдайды, әңгімелейді, бейне жасайды.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 02.05.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Гүлді алма ағашы»

Мақсаты:

1. Білімділік: Көктем мезгілі жайлы білім беру. Көктемде қар еріп, алма ағаштары гүлдейтінін айту.

2. Дамытушылық: Тұзды қамырмен бояуды пайдалана білулерін ары қарай дамыту. Саусақ маторикаларын дамыту.

3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тапсырманы тыңдап, орындай білігіе тәрбиелеу.

Көрнекілік: Гүлді алма ағашының суреті.

Құрал –жабдықтар: Қылқалам, бояу, сүлгі, тұзды қамыр.

Сөздік жұмысы: Бақылау, жер жаңарып, гүлдер өседі.

Қостілділіккомпоненті: Ағаш-дереве.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық–қозғаушы	Ш.ш «Біз бақытты балдырған» 06-04-«Б».№21 Ғажайып сәті: Балаларды киіндіріп ойын алаңына шығару. Ойын алаңында көктем мезгілінің ауа-райына, ағаштарға бақылау жасату.	Қане, қане тұрамыз. Үлкен шеңбер құрамыз. Біз бақытты балдырған Біз көңілді балдырған Ойыншықпен ойнаймыз. Тату-тәтті боламыз. Балалар далаға шыққандарына қуанады. Қоянды көріп қызығушылық танытады.
Іздену - барлау	- Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы далада, ауа-райы қандай екен? - Дұрыс айтасыңдар. - Біз бүгін гүлді алма ағашының мүсінін жасаймыз. Қылқаламмен қалай қолдану керектігі жайлы айтады. Қауіпсіздік ережесі жайлы айтып кетеді. Сергіту сәті: 06-04-«Ә».№1	- Күн жылынып, ағаштар бүршік атыпты. Балалар тыңдайды. Қыл қаламды бір-біріне сілтемеулері жайлы айтады. Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз.

Рефлексивті - қорытындылау	Балалардың жасаған мүсіндерін бір-біріне көрсетіп, мақтау. Келесі жолы бұдан да әдемі жасауларын айту.	Балалар өз мүсіндерін бір-біріне көрсетіп мақтанады. Кешке ата-аналарына көрсететіндерін айтады. Балалар қоя мен ойнап, қуанады.
-----------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен танысады. Гүлді алма ағашының мүсінін жасауға үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тұзды қамырмен мүсіндей алады.

Істей біледі: Қылқаламмен бояй біледі. ұстай біледі. Тапсырманы тыңдап, орындайды.

Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетінің технологиялық картасы.

Уақыты: 16.05.2022.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар» (Мүсіндеу)

Тақырыбы: «Үлкен және кіші саңырауқұлақтар»

Мақсаты:

1. **Білімділік:** Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Көкөністер жайлы білімдерін кеңейту.
2. **Дамытушылық:** Саусақ маторикаларын дамыту.
3. **Тәрбиелік:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: Саңырауқұлақтың суреті, муляжы.

Құрал-жабдықтар: Тұзды қамыр, сүлгі, тақтайша.

Сөздік жұмыс: Көкөніс, дәрумен, салат.

Қос тілділік компоненті : саңырауқұлақ-грибы

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушы	Ш.ш «Жақсы сөздер» 06-04-«Б»№5 -Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар. Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем екенін қайдан білдіңдер? Балалар, бізге біреу келе жатқан сияқты. Кім екен?	Қазір жылдың көктем мезгілі. Далада ауа-райы салқын. Талға жапырақтар шыға бастады. Балалар қызығушылық танытады.
Іздену - барлау	Қызықтыру сәті: -Балалар бізге қонаққа кірпі келіпті, арқасында саңырауқұлағы бар екен. -Кірпі сен бұларды қайдан алдың? Кірпі: Мен орманда келе жатсам, талдың түбінде бір саңырауқұлақ өсіп тұр екен. Соны үзіп алдым. Кірпі: Жылап, мені үйде балаларым тосып отыр,мен оларға көп саңырауқұлақтар алып келемін деп едім, орманда бір ғана саңырауқұлақ қалыпты, қалғандарын басқа кірпілер жинап әкетіпті. Енді не істесем болады? Тәрбиеші: балаларды тұзды қамырдың қасиеттерімен таныстырады, оларды үзуге, есуге болатыны жайлы айтады. Қауіпсіздік ережесін естеріне салады. Жұмыс соңында қолдарын сүлгімен сұртуді ұмытпау керектігі жайлы айтады. Балаларға тұзды қамыр таратылып беріледі.	Балалар кірпіні көріп қуанады. Кірпіден саңырауқұлақты қайдан алғанын сұрайды? Балалар кірпіге көмектесетіндерін айтады. Біз саған тұзды қамырдан көп саңырауқұлақтар жасап береміз, сен жылама. Тәрбиешіні зейін қойып тыңдайды. Тұзды қамырдың қасиеттерімен танысады.

	Сергіту сәті:	Тұзды қамырдан үлгіге қарап саңырауқұлақтарды мүсіндеуге кіріседі. Кірпі, кірпі, кірпі Үстің толған ине Бірін берсең шіркін. Тігер едім түйме.
Рефлексивті - қорытындылау	Кірпі: Балаларға ризашылығын білдіреді. Рахмет, сендерге балалар, сендер өте мейірімді екенсіңдер. Енді мен саңырауқұлақтарымды алып өзімнің балаларыма барайын. Сау болыңдар.	Балалар жасаған игі істеріне қуанады.

Күтілетін нәтиже :

Білуі немесе хабардар болуы: Көктем мезгілі жайлы білімдерін кеңейтеді. дұрыс жұмыс жасай білуге үйренеді.

Қалыптасқан әдет: Тәрбиеші сұрағына жауап береді. Жемістердің аттарын айтады.

Істей біледі: Тұзды қамырмен жұмыс жасай алады.

ЖШС «Аққайың» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін
«Аққайың» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
А. Ж. Абзалова



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламының мазмұнын
іске асыруда «Сиқырлы алақан» тақырыбы бойынша
«Айгөлек» ересектер тобының вариативтік компонент жоспары**

2021-2022 оқу жылы

"Сиқырлы алақан" вариативтік компонент

Түсінік хат

Қазіргі таңда мектепке дейінгі сәбилік жаста ерекше назар аударатын тәрбие түрі- сезім тәрбиесі. Сезім тәрбиесі алдымен қоршаған ортадағы болымысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Ең алдымен таным көзі-сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну процессі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды.

Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен , оның сезінуімен байланысты.

Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.

Сезімдік тәрбиемен басталып, математикамен жалғасатын бұл ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, математикалық қарапайым ұғымдарды қалыптастырудың алғашқы баспалдағы деп ойлаймын. «»тобында сезімдік және құрастыру жұмыстарын орындау барысында баланың математикалық қарапайым ұғымдар жөніндегі түсініктері қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эталондарды игеруі балабақшада тәрбиелеу мен білім бағдарламасында көрсетілген геометриялық пішіндермен, түстер мен танысудан басталады. Мұндай танысу негізінен көпшілік қабылдаған үлгілерден басталады да, тиімді іс –әрекеттердің көптеген түрлерін меңгеру үрдісінде өтеді. Тәрбиеші ақыл-ой, сезім тәрбиесінің міндеттерін ойын формасында қойып, оны ойынмен байланыстырады.

Балалардың қабылдауы мен ұғымын дамыту үшін білімді меңгеру, дағдыны қалыптастыру ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінде емес қызықты ойын әрекетінде (жасау және табу, жұмбақ айту, шешу, сурет салу, жарыста нәтижеге жету) іске асады.

Міндеттері: -Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету;-Баланың қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық процестерін дамыту;

Заттардың қасиеттерін анықтау мақсатымен оларды тексере білуге және бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) ажырата атай білуге үйренеді;

Қандай түсініктерді игерді: Сезімдік тәрбиеде құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тостаған, ағаш қасық, қоржын, сәукеле, тақия т.б) толық меңгеру;

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Баланың өз бетімен жұмыс істеуі;

"Сиқырлы алақан " (вариативтік жоспар)

ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары	Мақсаттары	Сағат саны
Қыркүйек		1
«Алтын күз»	Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.	
«Түрлі түсті таспалар»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояумен сызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
«Түлі түсті орамал»	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
« Бұлт күнді жапты»	Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүйеге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
Қазан		1
« Кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	
«Кесені әшекейлеміз»	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою-өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1
«Сүлгіні әшекейлеу»	Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру.	1
«Тікенекті кірпі»	Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1

Қараша		1
«Тәрелкені әшекейлеу»	Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жқмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру.	
«Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына	1
«Құстар»	Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейнеллеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап	1
«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»	Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1
Желтоқсан		1
«Қыстағы шуақты күн.»	балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.	
«Түзу жолда, мен жүремін тура»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
«Мерекелік отшашу»	Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін беру,отшашуды әртүрлі реңктермен бейнелеу,Бала қиялын дамыту ,әдемілікке ,әсемдікке тәрбиелеу.	1
«Ұзын құлақ сұр қоян»	Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту	1
Қаңтар		1
«Аққала»	Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.	
«Қысқы шыршалар»	Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге,ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу	1
«Сиқырлы таяқшалар»	Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таяқшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.	1
«Қар кесегі»	Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды.Қарды орналастыра білу,түсті сезіне білуге баулу.	1

Ақпан		1
«Атама арналған тымақ»	Балаларға киім туралы түсінік бере отырып, тымақпен таныстыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	
«Әдемі көйлек»	Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мортаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағыдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.	1
«Саты»	Балаларға жануарлардың бейнесіне лайқты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойынының ұзындығына қарай түрлі бағыттарға сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Музыканы көгіл күйлеріне қарай қабылдау сезімдерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1
«Қуыршақтың мойынорағышы»	Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	1
Наурыз		1
«Анама арналған моншақтар »	Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	
«Кесені әшекейлеміз»	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою-өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1
« Алжапқышты әшекейлеміз (киімнің жиегіне ұлттық ою – өрнек.)»	Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою – өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту.	1
«8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашықхаты.»	анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге, қыз балаларды сыйлауға, мейірімділік пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
Сәуір		1
«Күн жарқырап, шөп өсті»	Балаларды боямен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктілерін бекітк. Ұқыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу.	
«Бақбақ»	Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін сауды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу.	1

« Балапандар көк шалғында»	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, қылқыламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту.	1
«Машина»	Көлік жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс – әрекетінде бере білуге жаттықтыру. Тік төртбұрыш, дөңгелек пішіндерін тұратын заттық сурет салу дағдыларын қалыптастыру, ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету.	1
Мамыр		1
« Кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	
Атама арналған тымақ.	балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу.	1
«Сылдырмақ»	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік өорын байыту, сурет сала білуге үйрету, көркемдік талғамын дамыту.	1
«Қуыршаққа арналған сақина»	Балаларды сақинанаң дөңгелекке ұқсастығын тауып, соны сала білуге жаттықтыру. Сақинаны салуда бояуды сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
Барлық сағат саны:		36

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 03.09.2021ж

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Күз, күз, кел, кел,
Қорықпаймын ешқашан.
Суық, суық, жел, жел,
Далада, далада,
Өте әдемі.
Алтын күз, алтын күз,
Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

- Тыныш отырып көреміз.
- Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.
- Жапырақтардың түсі қандай?
- Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.
- Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.
- Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз.

Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар.

Сергіту сәті:

Балалар күн шықты!

Балалар күнді бұлт жапты!

Балалар жел соқты!

Қорытынды

Күзгі табиғи ерекшеліктерді.

Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындыған.

Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 10.09.2021ж

Тақырыбы: «Түрлі түсті таспалар»

Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояумен сызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, қыптылыққа тәрбиелеу.

Балалар ортаға шығып шаттық

- Шеңбер құрамыз.
 - Қолдарымыздан ұстаймыз да жылы сөздер айтамыз.
 - Біз ақылдымыз! Біз доспыз!
 - Біз бақытты баламыз! Балалар менде әдемі сандық бар. Сандықтың ішінде не бар екен.
 - Балалар сандықтан шыққан мынау не екенін кім біледі?
 - Мынау не балалар?
 - Иә, дұрыс айтасыңдар балалар, таспалардың түстері әртүрлі екен. Кәне бірге айтайықшы: қызыл, сары, көк, жасыл таспалар бар екен.
-
- Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.
 - Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.
- Жарайсыңдар балалар!

Ал енді қолдарыңды сүртіндер.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел есіп.

Кіп – кішкентай ағаштар,

Үлкен болып өседі.

Қортынды:

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 17.09.2021

Тақырыбы: «Түлі түсті орамал»

Мақсаты: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Балалар менің иығымда жауылып тұрған не? Мен нені
Жамылып тұрмын?

Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, оранып жүгендіктен орамал деп атаймыз. Орамал әдемі ме?

- Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Орамалдың шашақтары бар.

Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.

- Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңдерші. Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады. Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.

Кәне, балалар алдыларыңдағы орамылдың

Суреті салынған, сол орамалдың ортасында дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояңдар. Артынан шашақтарын жасандар.

Сергіту сәті:

Доп – доп добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Бір, екі деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тарелкені сындырдың,

Тұрмын сені жазалап.

Қортынды:

орамалдың не үшін қажет екенін.

шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді.

бояуды біркелкі тегіс жағуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 24.09.2021

Тақырыбы:« Бұлт күнді жапты»

Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету.

Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүйеге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сұр бұлт, түсі суық,

Қаптайды аспан.

Күз келіп дымқыл тұман,

Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сұр бұлт, ақ бұлт,күз.

Мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен.

Кәне, балалар осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз.

Күздігүні аспан түсті болмайды. Сұр бұлтты , көк түсті болады.

Алдымыздағы қылқаламды сұр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз.

Сергіту сәті:

«Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Біз үйде біз бесеуіміз.

Жарайсыңдар балалар!

Қортынды

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді.

күн де бұлт та аспанда болатындығын.

тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 01.10.2021ж

Тақырыбы:« Кілемше»

Мақсаты: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге қонаққа әже келіпті.

- Әже бізге өзінің кілемін ала келіпті. Оны неге әкелді? Қандай кілем?

Әжей: Дұрыс айтасындар балалар кілем үлкен, кіші болады. Төрт бұрыш, әдемі өрнектері болады. Қазіргі кілемшелер суреттерімен де болады. Әр пішінде өрнектермен ілемдер болады. Түстері әр – түрлі болады.

- Балалар мына кілемшеде қандай түстерді көріп тұрсындар?
- Балалар әжейдің кілемшесі аз екен, әжейге кілемше жасап береміз бе?

Ол үшін біз кілемшенің суретін салуымыз керек. Әжейде жолақшалары бар кілемше жоқ екен.

Кәне, бәріміз қосылып төрт бұрыш саламыз, ал енді түзу жолақша сызық арақашықтарын бірдей, әдемі етіп саламыз.

Сергіту сәті:

Кілемшеге отырып,

Аралаймыз бәрін біз.

Оңға – солға шайқалып,

Күлімдейміз шаттанып.

Керемет .

Жарайсындар балалар!

Қортынды

қонақты қалай құрметтеп қарсы алуды.

кілемдер әртүрлі екенін, соның ішінде жолақша кілем болатынын.

арақашықтарын бірдей сақтап, түзу сызықтарды сыза білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 08.10.2021ж

Тақырыбы: «Кесені әшекейлейміз»

Мақсаты: Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, «жүрек жылуы» ұшырады.

- Балалар мына қоржынды шопан атай жайлаудан беріп жіберіпті.
- Кәне, балалар қоржынды бірге ашайықшы.
- Балалар ішіндегі хат бар екен. Сендерге оқып берейін.
- «Балалар қалдарың қалай? !

Жайлауда қозы – лақтар секіріп ойнақтап жүр. Барлығы жақсы. Бірақ бір мәселе болып тұр. Мереке болса жақындап қалды, соған көп қонақтар келеді, ал менің наурыз көже құйып беретін кеселерім аз. Сендер тура осындай кесені маған жасап бересіңдер ме?»

Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл кеселердің сыртындағы үлгілері әр – түрлі. Балалар көбінесе кеселердің сыртында гүлдердің суреті болады, және ою – өрнектердің суреттері әшекейленген. Кеселер әр – түрлі болады: үлкен және кіші мына тақтада «қой ізі» мен «тұмарша» оюының суреті ілініп тұр.

«Тұмарша» деген ою үш бұрышты тұмарға ұқсағандықтан «тұмарша» деп атайды. Ал, «қой ізі» деген ою, қойдың ізіне ұқсағандықтан «қой ізі» деп атайды.

Кесе сыртын «қой ізі» оюымен көрнектейміз.

Қоңыр түсті гуашьпен көрсетілген сұлбаны бастырамыз, бұл ізге ұқсастықтан арақашықтарын сақтаңдар.

Саусақ жаттығуы.

Саусақ жаттығуларын жасайды.

Екі қолмен қайшылайды.

Медуза қимылын жасайды.

Жұм – аш жасайды.

Қортынды:

Керемет жарайсыңдар! шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жалауда тұратынын.

Қазақтың әр-түрлі ою - өрнектері ішінде

«тұмарша» мен қой ізі өрнектерін жасауды.

«Қой ізі» өрнектерін салуды, атаға көмектесуді, жақсылық жасауды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 15.10.2021ж

Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлеу»

Мақсаты: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру.

Балалар бүгін бізге қонаққа Алма келіпті. Алма жақында әжесінің туған күні болатынын айтады. Алма әжесіне сүлгі сыйлағысы келеді екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті.

Алмаға көмек береміз бе?

Алмаға сүлгіні әшекейлеуге көмектесеміз.

Балалар сүлгі бізге не үшін керек?

Сүгіні төртбұрыш, үшбұрыш өрнектермен өрнектеуге болады.

Ал енді ортасына үшбұрышты өрнегін саламыз. Артынан шеттеріне шашақтарын жасаймыз.

Сергіту сәті:

Ақ матадай түгі бар,

Қызыл – жасыл гүлі бар.

Жұмсақтығы мамықтай,

Сүртінесің жалықпай.

Тазалықтың досы-

Сүлгі деген осы.

Қортынды:

Сүлгігің әртүрлерін, тазалық үшін маңызын

Маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін.

Қылқаламды, мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 22.09.2021ж

Тақырыбы: «Тікенекті кірпі»

Мақсаты: Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

Балалар бүгін бізге тиын қонаққа келіпті. Ол өзінің досы туралы жұмбақ жасырғысы келетінін айтады:

Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,

Таңыпты арқасына мың тікенді.

Ашуланса аяқ-қолын көрсетпей ді,

Көресің көзің салсаң ғажайыпты.

Балалар мына суретке қараңдаршы кірпінің тікенектері көп болады. Ол бірденеден қорықса домаланып жиырылып қалады. Кірпі орманда көп жүреді. Ол алманы, саңырауқұлақты және басқалармен қоректенеді.

Сөздік жұмыс: тікенекті кірпі. Балалар тиын сендерге өзінің кірпі досының суретін салып беруді сұрайды.

Тиынға салып береміз бе?

Балалар алдыларында үзік сызықпен көрсетілген кірпінің суреті берілген, сол суретті бастырып шығасындар. Ал,

енді ішін бояңдар. Балалар кірпінің несі жетіспей тұр.

Дұрыс айтасындар тікенектері жетіспей тұр. Олай, болса тікенектерін салыңдар. Тікенектерді тік сызықтармен арақашықтарына қарап сызасындар.

Сергіту сәті:

Ал, балалар, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Оңға қарай иіліп,

Солға қарай иіліп,

Жоғары – төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Қортынды:

Тікенекті кірпі туралы түсінікті.

Достардың әрқашан бір – біріне көмектесуі қажет екендігін.

Үзік сызықтарды қосып, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 29.10.2021ж

Тақырыбы: «Тәрелкені әшекейлеу»

Мақсаты: Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жқмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балалар бізге

бүгін қылқалам қонаққа келіпті. Қылқалам: Балалар сендер қандай ою түрлерін білесіңдер?Балалар мен өзіммен бірге дайын табақтар ала келдім, ол табақтардың шетінде, ортасында ою – өрнектермен өрнектелген.Балалар табақты не үшін пайдаланады?Балалар табаққа көңіл бөліп қараңдаршы.

Балалар мына суретке қараңдаршы мына суретте дөңгелек, үшбұрыш пішіндермен өрнектелген.Балалар табақ шетінде сызықпен жүргізілген.

Балалар алдыларында табақтың суреті берілген, сол табақтың сыртында, ортасында сызықпен өрнек көрсетілген. Табақты өрнекпен әшекейлендер.Балалар өрнектерді бастырып шығындар, артынан жасыл, көгілдір түсті гуашьпен, табақтың шетіне солдан оңға қарай мөртаңба арқылы орындалатын үшбұрышты өрнекті салындар.

Балалар өрнекті мақта оралған таяқшамен салуға болады. Балалар бұл өрнекті «тұмарша» деп атайды. Балалар табақтың ортасына үлкен дөңгелекті, артынан кіші дөңгелекті салындар. Ал, енді табақтың шетіне «тұмарша» өрнегін салып шығындар.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де,
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды
Жүгіртеді қаламды,
Өнерлі екен он саусақ!
Қала салсақ, жол салсақ.

Қортынды:

Ою – өрнек элементтерінің атауын.

Тәрелкенің не үшін қажеттігін.

Мөртаңба, қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 05.11.2021ж

Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)

Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Аю, қасқыр жолбарыс,

Арыстанмен піл барыс.

Ойыншықтар тұрындар,

Ойын – сауық құрындар.

Кәне, балалар ойыншық бұрышынан өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, сипаттап беріңдерші.

Сөздік жұмысы: жаңа ойыншықтардың атауылары. Балалар мына суретке қараңдаршы. Осы суреттегі ойыншық атауларын атаңдар.

Ал, балалар енді осы ойыншықтардың түріне, түсіне, пішініне талдау жасайықшы.

Балалар алдыларыңда мұнара мен көліктің суреті берілген. Ол сурет үзік сызықтармен берілген.

Балалар енді осы екі суретің біреуін таңдап, қарындашпен бояңдар, артынан сыртына шығармай бояумен бояңдар.

Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

Қортынды:

Ойыншықтар не үшін қажет екендігін.

Ойыншықтар туралы түсініктерін тереңдетеді.

Сүйікті ойыншықтарының суретін салуды, түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 12.11.2021ж.

Тақырыбы: «Құстар»

Мақсаты: Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.

Торғай, торғай торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Жем берейін тойып ал,

Сонда аязға тоңбайсың.

Балалар бері жақын келіп терезенің алдына келіндерші. Даладағы құстардың сайраған дауысына көңіл бөліп тыңдайық.

Балалар бұл көктем мезгілінің келгенін білдіреді. Көктемде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді. Құстардың сайраған дауыстары жақсы естіледі. Балалар құстар қанаттарын қағып ұшады. Құстар қалай сайрайтынын бәріміз қосылып дыбыстайықшы.

Балалар құстарға қамқор болу керек. Оларға жем беру керек. Ұя жасап ағашқа іліп қою керек. Балалар мына суретке

қарандаршы. Бұл құстардың суреттері. Қандай құстарды көріп отырсындар атайықшы: торғай, қарлығаш, көкек, шымшық, қарға, тоқылдақ.

Ал балалар осы суретке қарап құстардың бейнесін салындар.

Кәне, балалар суретке қарап құстың денелері қандай пішінде болатынын айтайықшы.

Денесі сопақша, басы дмалақ, тұмсығы, қанаттары үшбұрыш, аяқтары жіңішке таяқша сияқты болады екен. Ал, енді балалар торғайдың бейнесін ауа да салып көрейікші. Балалар алдыларында торғайдың суреті берілген, сол суретті біркелкі, сыртына шағармай бояндар.

Сергіту сәті:

Торғай болып ұшайық,

Ұшып – ұшып алайық.

Бүркіт болып аң аулап,

Қыран құс боп самғайық.

Қортынды:

Құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін.

Құстардың көктемдегі тіршілігі жайындағы түсініктерді.

Құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 19.11.2021ж.

Тақырыбы: «Жапалақтап алғашқы қар жауды тұр»

Мақсаты: Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

- Балалар терезенің алдына келіндерші. Далада не жауып тұр?
- Дұрыс айтасындар қар жауып тұр. Даланың бәрі аппақ болып, әдемі болып тұр.
- Балалар қазір қай мезгіл?
- Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады?
- Қардың түсі қандай?

Дұрыс айтасындар айнала аппақ, қар жауып тұр. Ауа – райы суық, аяз.

Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл орманның суреті. Орманда айнала аппақ, тып – тыныш

Балалар ал енді көз алдыларыңа қарды елестетіп, тыныс алу жаттығуын жасаңдар. Балалар енді бәрің бірге сурет дәптерге жауып тұрған қардың суретін саласындар. Қарды сүйкеп жағу арқылы жағасындар. Бұлттардан жауып келе жатқан қарды қылқаламмен, жердегі жатқан қарды тіс пастасымен саласындар.

Сергіту сәті:

Қар жауыпты далаға,

Қар жауыпты қалаға.

Сырғанаймыз енді біз,

Отырып ап шанаға.

Қортынды:

Қыс мезгілі басталғанда алғашқы қар жауатынын.

Қар аспаннан жерге қонақтап, жер бетін басып қалатындығын.

Таяқшамен жағу арқылы қар суретін салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 26.11.2021ж,

Тақырыбы: Қыстағы шуақты күн.

Мақсаты: балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер,

Риза гой саған ел!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар?

- Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?

-Қыс мезгілі.

-Суық, аяз, қар жауады, боран болады. Судың бетіне мұз қатады т.б.

Сергіту сәті:

Қолды белге қояйық,

Басты оңға бұрайық.

Басты солға бұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Бір отырып, бір тұрып,

Біз демалып қалайық.

- Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.

— Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.

Қортынды:

қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі.

Қыс бейнесінде күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсете білу іскерлігін.

Әр жыл мезгілінің ерекшелігін ескеруді, қоршаған орта, табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттігін меңгереді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 03.12.2021ж

Тақырыбы:«Түзу жолда, мен жүремін тура»

Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мойныны моншақ іліп - ап,

Мысық жатыр пырылдап.

Шырылдайды шегіртке,

Мысықтың мазасын алып. -Балалар бізге бүгін қонаққа мысық әдемі болып келіпті. Көңіл бөліп қараңдаршы. Қолында бояуы бар екен.

Мысық:

- Мен сендерге арнап ұнтаспаға қоятын әуен ала келдім. Оған қоса әдемі бояу ала келдім. Бүгін бояумен сурет салуды үйренейік.
- Кәне, балалар бояулардың

Атауын атайық:сары, ақ, қызыл, көк, дасыл, күлгін, кара.Кәне, балалар ұнтаспадағы әуенді тыңдаймыз.Ой! балалар жақсы әуен екен.Кәне, балалар осы әуенді тыңдап, неше түрлі жүрістермен жүрейік.Жарайсындар балалар! Ал, енді мысықтың жүргісі келіп тұр.Алдымен боялған сулы қағаздың үстімен жүреді де, содан соң таза қағазды басып жүріп, ізін көрсетеді. Көрдіндер ме мысықтар, адамдар жүрген кезде артынан із қалады.Әсіресе қыста қарды басқанда артынан із қалады.

Балалар кәне бәріміз бірге «бояу, із» деген сөздерді айтайықшы:

- Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салындар.
- Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз. Жарайсындар балалар!Ал енді қолдарыңды сүртіндер. Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел есіп.

Кіп – кішкентай ағаштар,

Үлкен болып өседі.

Қортынды:

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 10.12.2021ж.

Тақырыбы: « Мерекелік отшашу»

Мақсаты: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Балалар мына бейне таспаға қараңдаршы. Бұл бейне таспада қандай мерекені көрдіңдер.

Мереке сендерге ұнайды ма?

Мереке де адамдар көңілді жүр.

Мереке де тағы не көрдіңдер?

Мереке де отшашу жаққанда айнала жап – жарық болып, әдемі түстерге боялады. Отшашу мерекенің нағыз сыйы. Адамдар көтеріңкі көңіл күймен жүреді. Балалар Сендерге отшашау ұнаса суретін салайық. Суретті бастамас бұрын сергіту сәтін жасайық.

Кәне, кәне, тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Тұрсақ енді шеңберге,
Алақанды ұрайық.
Оң жақтағы балаға,
Сол жақтағы балаға.
Шапалақта, шапалақ
Шапалақта, шапалақ.

Алдарындағы сурет дәптерде өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі, жарқыраған оттары көп отшашулар атылды, Бояудың өздеріңе ұнаған түстерін пайдаланып, қылқаламмен сызық арқылы сол отшашу бейнесін салып көрейік. Балалар отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалануға болады.

Қортынды:

Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.

Отшашуды тек аспанғаату керектігін.

Қарындашпен әдемі етіп түрлі түсті сурет салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 17.12.2021ж

Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян»

Мақсаты: Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру.

Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

- Балалар бір – бірімен қолдарын ұстасып амандасады да, жақсы көңіл күй сыйлайды.
Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.
Ұзын құлақ, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?
Балалар мына суретке қараңдаршы.
Бұл суретте нені көріп тұрсыңдар?
Балалар қоян қайда тіршілік етеді?
Балалар қоянның құлағы неге ұзын?
Қоян қалай жүреді?
Дұрыс айтасыңдар балалар қоян өте сезімтал, жылдам секіріп жүреді, Қояндар қорқақ болады. Балалар қоянның түсі қандай?

Олай болса ұзын құлақ сұрқоянның суретін салайық

Қоянның дене мүшелерін: басын дөңгелек, денесін үлкен сопақша, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектер болады.

Балалар осы көсетілген үлгілер бойынша қоянның суретін саламыз.

Балалар сурет әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болады.

Сергіту сәті.

Қояным, қояным,
Орныңнан тұршы,
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы.
Бетіңді жуушы,
Қолыңды жуушы,
Орныңда секірші!

Қортынды:

Қоянның дене мүшелерінің атауларын.

Қоянның дене мүшелерін, жейтін азық түрлерін.

Суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 24.12.2021

Тақырыбы: «Аққала»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде ауа- райы қандай болады? Балалар қыста қар жауады. Балалар қармен ойнайды. Сырғанақ ойнайды.

Аққала туралы жұмбақ:

Мені ешкім өсірген жоқ,

Мені қардан жасаған.

Мұрным – сәбіз, ернім – ағаш,

Аппақ қармын, мәссаған!

Үп – үлкенмін, сүп – суықпын,

Ал, атымды айтады кім?

Балалар бөлмеде Аққала бар, соны тауып беріндерші. Балалар алдыларында үзік сызықпен көрсетілген Аққаланың

Суреті берілген, сол суретті бастырып, бояймыз. Балалар сызықтың сыртына шығармай бояндар.

Сергіту сәті:

Ауыл алды аққала,

Ақша қарда балалар .

Соғып жатыр Аққала,

Жалқауы жоқ жұмысқа.

Керемет, Жарайсыңдар балалар!

Қортынды:

Қыста болатын өзгерістер жайлы .

Аққаланы үлкен – кіші дөңгелектерді қосу арқылы салуға болатындығын.

Қылқаламмен дайын дөңгелектердің ішін сызықтан шығармай бояуды..

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 31.12.2021ж.

Тақырыбы: «Қысқы шыршалар»

Мақсаты: Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Аппақ, аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түңгі аспан.

Балалар терезеден далаға қараңдаршы. Даладағы ағаштардың бәрін қар жауып қалған. Қыста ауа – райы суық, аяз болады. Орманды да аппақ қар жауып қалалды, орманда ақ қардың бетінде аңдардың ізі қалады

Балалар сендерге ақ ұлпа қарлар ұнайды ма?

Ормандағы шыршаны аппақ қар жапқан көрініс ұнайды ма?

Олай болса сурет дәптерде ормандағы шыршалардың суреті берілген, сол суретті тіс пастасымен ақ қардың суретін саламыз.

Мақта оралған таяқшаның көмегімен тіс пастасын алып, шыршаның төбесіне бояңдар. Қар жамылған бейнесін бейнелеңдер. Сүйкеп жағу арқылы жағады.

Негізгі көрініс аясын көкшіл түспен бояуға болады.

Сергіту сәті:

Ақ көрпесін жапты да,

Аяз кенет аптыға,

Айналаны үрледі,

Ақ бораны гуледі.

Қортынды:

Қыста ағаштардың қар жамылатынын, қардың ағаштарға пайдасын.

Қыста ағаштың жапырақтары болмайтынын.

Мақта оралған таяқшамен сүйкей жағу арқылы қардың суретін

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 14.01.2022

Тақырыбы: «Сықырлы таяқшалар»

Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таяқшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.

Кел, балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Күлкі көңіл ашады,

Күліп – күліп жүрейік.

Балалар бізге бүгін Айсана қонақа келіпті.

- Сәлеметсіңдер ме балалар!

- Балалар мен жолда келе жатып, сықырлы қорапша тауып алдым, ол қорап біздерді сурет салуға үйретеді. Сендер сурет салғанды ұнатасыңдар ма?

Қорап ішінде неше түрлі таяқшалар бар. Бар сықыр осы қарындаштың қшында екен. Бұл сықырлы таяқшалар. Балалар қарындашты алып қатты баспай әдемілеп сызықтар сызамыз.

Қызыл, сары, жасыл, көк түстерімен сызамыз. Ол үшін бізге қатты қағаз керек. Қарындашты оң қоға, үш саусақпен ұстап, қатты баспай сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызамыз. Балалар Айсананың досы күлдіргіштің қолындағы шарларының жіптері үзіліп қалыпты. Шарлар жеңіл болғандықтан ұшып кетуі мүмкін. Өздерің қалаған түспен шарды бояймыз да, жіп тағып сызып қоямыз.

Сергіту сәті:

Оң саусағым шаршады,

Сол саусағым шаршады.

Саусақтарым бірігіп,

Билеп, билеп алады.

Жарайсыңдар балалар!

Қортынды:

Қарындашпен дұрыс сурет салуды, қарындашты үш саусақпен ұстауды.

Әртүрлі суреттер салуға болатындығын.

Сызықтар, дөңгелектер салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 21.01.2022ж

Тақырыбы: «Қар кесегі»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір – біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Тіс пастасын сұқ саусақты малып, қар кесегін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Аппак, аппак жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түнгі аспан.

Балалар сендер балабақшаға келе жатқанда жерде нені көрдіңдер?

Қардың түсі қандай?

Қардың түсі аппак, өзі суық. Балалар сендер қолдарыңа қарды ұстасандар, қолдарың тоңып қалады.

Жұмбақ:

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады,

Ол не? Балалар иллюстрациялық суреттерді көрейік. Балалар қар жылдың қай мезгілінде жауады? Қыс мезгілінің басқа мезгілден айырмашылығы неде? Балалар сендер қармен далада не істейсіңдер? Қайтып ойнайсыңдар? Дұрыс қар кесегімен ойнайсыңдар. Ал енді

қарт кесегін көз алдыларыңа елестетіп, қолдарыңа ұстап, жентектеп бір – біріне лақтырған қимылды жасандар. Балалар енді сурет дәптерде берілген қар кесегінің суретін, сұқ саусақты иіс пастасына батырып қар кесегінің бейнесін салыңдар. Қарды көп салып, үлкен қар үйіндісін жасайсыңдар.

Сергіту сәті:

Ақ көрпесін жапты да,

Аяз кенет аптыға,

Айналаны үрледі,

Ақ бораны гуледі,

Қортынды:

Қыс мезгіліндегі табиғаттағы құбылыстарды.

Қардан әртүрлі бейнелер жасауға болатынын.

Сұқ саусақпен қар кесегін салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 28.01.2022ж

Тақырыбы: Атама арналған тымақ.

Мақсаты: балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу.

Балаларға қонаққа қарт атай

(жоғары сынып оқушысына рөл

ойнатуға болады) келеді. Ол өзімен

бірге балаларға сыйлыққа құрт ала келеді. - Балалар, атай сендерді дұрыс ести алмай отырған сияқты, себебін сұрап та үлгердім. Атай баскиімсіз

жүрем деп, құлағына суық тигізіп алыпты. Атайдың құлағы жақсы естуіне көмектескілерің келе ме? Атай сендерге сыйлығын алып асығып келе жатқанда, боран басындағы тымағын ұшырып, ол қалың болғандықтан, тек қыс айларында ғана қолданылады. Өзінің пішініне қарай ол бас пен желкені, мойынды суықтан, қатты желден қорғайды. Себебі құлақшалары болады. Тымақ жануарлар терісінің сыртынан қалың матамен қапталып тігіледі.

Сергіту сәті:

Ал, балалар, тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып

Біз тынығып алайық.

Балалар, енді үлгі ретінде ілінген суретке қарап отырып, тымақтың суретін салып, қонаққа келген атамызға тарту етейік. Зер салып қарап алыңдар, тымақ неше бөліктен тұрады? Оның әрқайсысын жеке салған дұрыс па, әлде біріктіріп саламыз ба? Ата балаларға алғысын білдіреді. Тапсырманы жаңсы орындаған балаларды тәрбиеші ерекше атап шығады. Тымақ деген қандай болатынын білесіңдер ме? Адамдарға арналған баскиім.

Қортынды:

Ер адамның баскиімі тымақ туралы мәліметтерді, оның қандай бөліктерден құралатынын туралы біледі.

Тымақтың суретін салу дағдысын игереді.

Тымақтың түрімен бірге құлақшадан тұратынын және оның тері сыртынан қалың матамен қапталып тігілетінін меңгереді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 04.02.2022ж

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Сурет салу

Тақырыбы: «Әдемі көйлек»

Мақсаты: Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мортаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.

Билингвальды компонент: көйлек – платье, әдемі – красивая.

Сөздік жұмыс: әдемі көйлек

Көрнекілігі: демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана.

Мотивациялық-қозғаушылық

Балалар қуыршақ Айсан жылап отыр екен. Айсананы кім ренжіткенін сұрайықшы.

Маған ешкім тиіскен жоқ... Бірақ күшік досым қонаққа шақырған, қонаққа киетін әдемі көйлегім жоқ деп жылап отырмын. Балалар Айсанаға көмектесеміз бе?

Ұйымдастырушылық-ізденістік

Балалар әдемі көйлекті дөңгелектермен әшекейлеу үшін мортаңбаны, қылқаламды, Саусақтарыңды пайдалануға

болады. Қылқаламның көмегімен,

сұқ саусақтарыңмен пайдалануға болады. Қылқаламның ұшымен тамызып бояуға, мақта оралған таяқшалар арқылы дөңгелек түсіруге болады, Сұрткішті дұрыс пайдалану керек.

Бір – бірлеріңе бөгет жасамай дұрыс отыруларың керек.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Белімізді жазамыз.

Жоғары – төмен қараймыз.

Оңға-солға, түзу тұр.

Бойымызға күш жинап,

Біз демалып қаламыз.

Рефлексиялық-түзетушілік

Балалар Айсана сендердің әдемі көйлек салғандарыңа қуанып, күшік досының үйіне баратындығын айтып жатыр. Сендерге рахметін айтып жатыр.

Тыныс алу жаттығуымен аяқтаймыз.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көйлекте әртүрлі болатындығын.

Игереді: маңайындағы басқа адамдарға көмектесу қажеттігін.

Меңгереді: мортаңба, қылқалам, саусақтардың көмегімен әдемі көйлекті әшекейлей білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 11.02.2022ж

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Сурет салу

Тақырыбы: «Саты»

Мақсаты: Балаларға жануарлардың бейнесіне лайқты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойынының ұзындығына қарай түрлі бағыттарға сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Музыканы көгіл күйлеріне қарай қабылдау сезімдерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

Мотивациялық-қозғаушылық

Балалар мен бүгін металлофон аспабын тауып алдым. Міне аспабты таяқшамен ұрып ойнайды. Солдан оңға, біртіндеп жоғары, оңнан солға біртіндеп төмен ұрғанда әртүрлі дауыстар шығады.

Балалар сендер саты дегенді қалай түсінесіңдер? Мына суретте сатының түрлері бар. Саты баспалдақтардың санына, ұзындығына қарай бөлінеді.

Ұйымдастырушылық-ізденістік

Кәне, балалар алдыларыңдағы саты тұр. Сатының баспалдақтарында жануарлардың, суреті бар. Суреттер рет – ретімен орналасқан.

Кәне, балалар мен сатының баспалдақтарындағы жануарларды атап қалай дыбыстайтынын айтамыз.

-Әтеш ерте тұрады.

-Сондықтан ол бірінші баспалдақта тұр.

-Әтеш қалай дыбыстайды?

-Ал, мысық қалай дыбыстайды?

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Белімізді жазамыз.

Жоғары – төмен қараймыз.

Оңға-солға, түзу тұр.

Бойымызға күш жинап,

Біз демалып қаламыз.

Сөздік жұмыс: саты, баспалдақ.

Биалангвальды компонент: керік – жираф, саты – лесница

Сатының баспалдақтарына жануарларды даусына қарай орналастырамыз. (қораз, мысық, күшік).

Балалар енді мойны ұзын жанурға, керікке саты салып берейік.

Мынау күшік. Күшік үреді.

Балалар сендер сатыны әдемі етіп салдыңдар

- Сатыны кімге жасадыңдар?

- Балалар керік сендерге рахметін айтып, ризашылығын білдірді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жануарлардың дауыс ырғықтары әртүрлі болатындығын.

Игереді: саты баспалдақтардан құралатындығын.

Менгереді: түзу сызықтарды сызу, бір – біріне қосуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 18.02.2021ж

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Сурет салу

Тақырыбы: «Қуыршақтың мойынорағышы»

Мақсаты: Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: мойынорағыш, баскиім.

Көрнекілігі: демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана, қуыршақ киімдері.

Билингвальды компонент: мойынорағыш - шарф.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Шаттанайын менде,

Шаттанасың сенде,

Шаттанайық бәріміз,

Арайлап атқан күнде.

Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсаның киімдері бар. Балалар киімдер жыл мезгіліне қарай іртүрлі болады.

Мысалы Айсаның қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі.

Ал, балалар Айсаның мойынорағышы жоқ екен.

Айсана далаға шығамын дейді, бірақ мойынорағышым жоқ дейді. Айсанаға мойынорағыш жасап береміз бе?

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Шаттанайын менде,

Шаттанасың сенде,

Шаттанайық бәріміз,

Арайлап атқан күнде.

Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсаның киімдері бар. Балалар киімдер жыл мезгіліне қарай іртүрлі болады.

Мысалы Айсаның қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі. Балалар суреттегі мойынорағышқа көңіл бөліп қараңдаршы. Мойынорағышта әр түсті жолақтар бар.

Кәне, балалар әр жолақтардың түстерін атайықшы: қызыл, сары, ақ, көк, жасыл.

Балалар алдыларыңда үзік сызықпен сызылған жолақтар бар. Сол үзік сызықтардың үстінен бастырыңдар. Ал, енді жолақтарды рет – ретімен түрлі – түсті қарындаштармен бояңдар. Балалар жолақтардың сыртына шығармай бояңдар.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел есті,

Кіп – кішкентай балалар

Кіп – кішкентай балалар

Үлкен болып өседі.

Рефлексиялық - түзетушілік Балалар , сендер салған мойынорағыштар қуыршақ Айсанаға ұнады, Кім қандай түсті пайдаланды?

Балалар сендердің салған суреттерің әдемі болып шықты.

Ал, балалар енді «Қуыршақты киіндір» ойынын ойнап бүгінгі оқу қызметімізді аяқтаймыз.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қуыршақ киімдерінің атауларын .

Игереді: мойынорағышты салуды.

Меңгереді: бояу қарындашпен біркелкі бояуды.

ЖШС «Аққайың» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
«Аққайың» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
А. Ж.Абзалова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламының мазмұнын
іске асыруда «Ертегілер елінде» тақырыбы бойынша
«Балдырған» ортаңғы тобының вариативтік компонент жоспары

2021-2022 оқу жылы

«Аққайың» бөбекжай балабақшасының Ортаңғы тобына арналған «Ертегілер елінде» атты бағдарламасына

Пікір

Ортаңғы топ балаларының сөйлеу мәдениетінің, ойлау қабілетінің дамуына баса назар аударған жөн. Осы орайда бүгінгі таңдағы балаларды жетелеп, ойөрісін ашуға, дамытуға ертегінің маңызы зор.

«Ертегілер елінде» бағдарламысын енгізу бүгінгікүн талабы болып отыр.

«Ертегілер елінде» таңдау курс бағдарламасын , қулық туралы, ал бірі байлық, денсаулық және еңбек туралы ертегілер.

Бағдарлама көзделген мақсатқа сай баланың жеке басын қалыптастыра отырып, балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ертегі арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Түсінік хат

Ортаңғы топқа арналған таңдау курс бағдарламасы «Ертегілер елінде» деп аталады. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөйлеу тілін дамытуда үлкен рөл атқарады. Сондықтан ортаңғы топ тәрбиенушілері үшін ертегілерді оқытудың маңызы зор. «Ертегілер елінде» таңдау курсына қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер қамтылған. Балалардың қабылдануына жеңіл, оқиғасы қызықты ертегілер таңдап алынды.

Балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды. Ертегіні қою барысында балалар әр түрлі құралдарды пайдаланады, басқа да ойыншылармен қарым-қатынасқа түседі. Рөлін іс-әрекетпен, сөйлеумен, мимикамен, пантомимикамен білдіреді. «Ертегілер елінде» бағдарламасы ортаңғы топ балаларының тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп және оны мектепке дайындауға бағытталған. «Ертегілер елінде» бағдарламасының жылдық жүктемесі 34 сағатқа құрылған. Апталық жүктемесі -1сағат

**Бағдарлама 3-4 жас аралағындағы балаларға арналып ұсынылған.
Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің
қажеттілігін қамтамасыз етеді.**

Ортаңғы топ

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Күні	Көрнекілігі
1.	«Алтын балық» ертегісі	Су асты тіршілік иелері туралы түсінік беру, зейінін дамыту	4	08.09.21 14.09.21 21.09.21 28.09.21	Ертегі кітабы, ертегі кейіпкерлерінің сюжетті суреттері.
2.	«Үш қыз» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.	4	05.10.21 12.10.21 19.10.21 26.10.21	Кейіпкерлердің суреттері бар буклет
3.	«Алтын балта» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру.	5	02.11.21 09.11.21 16.11.21 23.11.21 30.11.21	Қолғап қуыршақтары.
4.	«Бауырсақ» ертегісі	Өзара сүйіспеншілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу	4	07.12.21 14.12.21 21.12.21 28.12.21	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
5.	«Жеті лақ» ертегісі	Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру.	3	11.01.22 18.01.22 25.01.22	Қолғап қуыршақтары
6.	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	Сөздік қорын молайту, үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	4	01.02.22 08.02.22 15.02.22 22.02.22	Сахналық қойылым.
7.	«Ақылды лақ» ертегісі	Достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	3	01.03.22 15.03.22 29.03.22	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
8.	«Төлдер айтысы » ертегісі	Ертегі арқылы қайырымды, мейірбан болуға тәрбиелеу	4	05.04.22 12.04.22 19.04.22 26.04.22	Сахналық қойылым
9.	«Шалқан» ертегісі	Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп, айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту.	3	03.05.22 17.05.22 24.05.22	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
Барлығы:			34		

Ортанғы «Балдырған» тобы

Күні: 08-28.09.2021 оқу жылы

Білім саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Алтын балық» ертегісі .

Мақсаты: балалардың әңгімені тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Әңгімені әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Қазақтың тұңғыш педагогы Ы.Алтынсаринның шығармашылығы туралы түсінік беру. Балалардың көркемдік талғамын дамытып, оларды еңбексүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: педагог, қармақ , қамқорлық.

Қажетті материалдар: балықшының макеті , қима қағаз

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз әңгімемен танысамыз. «Алтын балық»...!... Тәрбиеші әңгімені оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Әңгіме не жайлы? Балықшы не аулауға барды? Ол қандай балық аулап алды ? Алтын балықтан қандай тілек тіледі? Алтын балық балықшыға не үшін ренжіді? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар әңгімені сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Әңгіменің көрінісін сахналау.	Балалар әңгімені мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай әңгімемен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: әңгімені тыңдай білу.

Болу керек: тыңдаған әңгімені естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Ортанғы «Балдырған» тобы

Күні: 05-26.10.2021 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Үш қыз » ертегісі .

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Балаларды жемістер мен көкөністерді ажырата білуге үйрету, оның адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы білу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: тасбақа , қазан, бал арасы

Қажетті материалдар: . тасбақа , өрмекші, мата , қазан, тиынымен жаңғақ, бал арасы

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертегілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Үш қыз» ертегісі . Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Ертеде анасы қыздарын не үшін шақырды? Үлкен қызы не үшін тасбақаға айналды? Ортаншы қыз неге айналды? Кіші қызының ақылына тиын тәнті болды ма ? Бал арасының алдыңғы екі аяғы не үшін ақ болады? Сергіту сәті «Ағаштар». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрінісін сахналау. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету).	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Ортанғы «Балдырған» тобы

Күні: 02-30.11.2021 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Алтын балта ».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: ор қазсаң.

Қажетті материалдар: Үйректің суреті.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертегілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Алтын балта ». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Балта неден жасалды? Орманшы орманға не үшін барды? Орманшы балтасын қайда жоғалтты? Күміс балтаны орманшы не істеді? Алтын балтаны қайтті ? «Біреуге ор қазсаң, өзің түсесің» деген мақалды қалай түсінесіңдер? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Ертегінің көрініс сахналауы.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Ортанғы «Балдырған» тобы

Күні:07-28.12.2021 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Бауырсақ ертегісі ».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: дедушка-ата , апа-бабушка, медвед-аю , заяц-қоян . волк-қасқыр,

Қажетті материалдар: бауырсақ, қасқыр, қоян, аю, түлкі,

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Бауырсақ» ертегісі. Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Бауырсақ қайда қашты ? Аюға бауырсақ қандай ән айтып бернді? Қасқырды бауырсақ алдап кете алды ма? Қоян бауырсақты жиді ма ? Бауырсақ түлкіден айласын асыра алды ма? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Ортанғы «Балдырған» тобы

Күні: 11-25.01.2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Жеті лақ».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс:

Қажетті материалдар: Қасқыр, ешкі, лақ.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертегілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Жеті лақ». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Ешкінің неше лағы бар? ? Біреу ішіп кетті ме? Бір қазан сүт қайда кетті? Нелер келіп ішіп кетті? Қазан түбін қырнап кеткен қайсысы? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті: «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Ортанғы «Балдырған» тобы

Күні: 01-22.02.2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Мақта қыз» ертегісі.

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: еңбек-труд, карова- сыйыр, дерева-ағаш, кошка-мысық.

Қажетті материалдар: қатық, мейіз, жұмыртка, су мен бидай.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертегілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Мақта қыз». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Мақта қыз не тауып алды? Мысыққа қандай жаза берді? Мысық сиырдан не сұрады? Қыздар мысыққа не әкеліп беруді сұрады? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті: «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Қуыршақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Ортанғы «Балдырған» тобы

Күні: 01-29.03.2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Ақылды лақ».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: медведь- аю, волк-қасқыр

Қажетті материалдар: лақ, қасқыр, аю, бұзау, тоқал ешкі

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Ақылды лақ». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Лақ, тоқал ешкі, бұзау неге көштен қалып қойды? Олар аюды қалай қорқытты? Қасқыр не үшін аюды мазақ етті? Лақ қасқырдан айл原因 асыра алды ма ? Лақ, бұзау, тоқал ешкі қасқырды қалай жеңді ? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Көлеңкелі театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:**Білуі тиіс:** ертегіні тыңдай білу.**Болу керек:** баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.**Үйрету керек:** тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Ортанғы «Балдырған» тобы

Күні: 05-26.04.2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникация.**Оқу қызметі:** Вариатив.Ертегілер елінде.**Тақырыбы:** «Төлдер айтысы».**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары туралы түсінігі кеңейту.Төрт түлік мал төлдерінің аталуын және оларды ажырата білуге үйрету.Төлдерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.Кейіпкердің дауыс ырғағы арқылы ертегіні сомдату**Сөздік жұмыс:.**

Қажетті материалдар: үй жануарлары мен жайлау .

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертегілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Төлдер айтысы». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Балалар қазақ халқы шаруашылыққа қандай малдарды пайдаланған? Төлдер неге таласты ? Құлын өзін қалай мақтайды? Қошақан қалай мақтанды ? Ешкіні не үшін жақсы көреді екенбіз? Бұзау. Сиырдан біз не алады екенбіз? Адам төлдерге қалай жауап берді? Төлдердің айтқандары орынды ма ? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті: «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.

Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.
---	--	--------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Ортанғы «Балдырған» тобы

Күні: 03-24. 05.2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Шалқан ертегісі».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: кошка- мысық, дедушка-ата, бабушка-әже, собака-ит

Қажетті материалдар: ата, әже, шалқан , ит мысық, тышқан.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Егер сенде сиқырлы таяқша болса не істер едің?	Балалар кезекпен жауап береді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Шалқан » ертегісін тәрбиелік мәненін балаларға меңгеру. Сұрақ-жауап әдісі арқылы ертегінің мазмұнын ашу. Кейіпкерлерін атап шық. Шал нені тауып алды? Кімді көмекке шақырды? Мысық көмекке келді ма? Ит көмекке кімді шақырды ? Сергіту сәті: «Мен бақшаға барамын». Көзге арналған жаттығу: «оңға, солға». Ертегіні сахналауда балаларға көмектесу.	Ертегіні мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар ертегіні сахналайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Иттің жауабын балаларға бірнеше рет қайталау. Балаларды мадақтау. Осы ертегідегі иттің суретін салуды ұсыну.	Балалар иттің суретін салып, әр бала өз итін сипаттайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.